

НӘЛІБАЕВ ҚЫЗМЕТІНЕ КІРІСТІ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Жарлығымен Үкімет басшысының бірінші орынбасары болып тағайындалған Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев қызметіне кірісті. Ресми ақпарат бойынша Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет басшысының бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевты қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа Нәлібаев өнеркәсіпті дамыту және ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру мәселелері жөнінде баяндады.

Президентке өңдеу өнеркәсібінде жүргізіліп жатқан негізгі жұмыстар туралы ақпарат берді. Сондай-ақ қосылған құны жоғары өнім шығаруды арттыру және энергетикалық инфрақұрылымды жаңғырту жоспарына, көлік-логистика инфрақұрылымы мен құрылыс саласын дамыту жайында айтылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев инфрақұрылымдық жобалардың сапалы жүзеге асырылуын қамтамасыз етуді, отандық тауар өндірушілерді қолдауды және алдағы жылу беру маусымына дайындық шараларын бақылауды күшейту жөнінде тапсырма берді.

Үкіметтің осы аптадағы отырысында Үкімет басшысы О.Бектенов Үкімет мүшелеріне өзінің бірінші орынбасары Н.Нәлібаевты таныстырып, оған үлкен сенім білдірілгенін айтты.

Үкімет басшысы О.Бектенов:

«Өздеріңіз білетіндей, Мемлекет басшысының Жарлығымен Роман Васильевич Скляр Президент әкімшілігінің басшысы болып тағайындалды. Үкімет атынан Роман Васильевичке осы Үкімет құрамында нәтижелі, бірлескен жұмысы үшін алғысымды айтамын және жауапты қызметте табыс тілеймін. Сондай-ақ Президент жарлығымен Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев Премьер министрдің бірінші орынбасары болып тағайындалды. Нұрлыбек Машбекұлы, өзіңізге сәттілік тілеймін. Мемлекет басшысының сенімін толық ақтайсыз деп сенемін.»

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW.Qaa.kz

qaa.kz

Ақшәміт Ақшамы Газеті

НӘЛІБАЕВТАЙ БОЛА АЛАР МА ЕКЕН?..

Күтпеген өзгеріс болды... Әрине, көпшілік Нұрлыбек Машбекұлының түбі қызмет ауыстыратынын біліп жүрді. Ақорда жақтан бір қимыл байқалса көп жұрт «әкімімізді алып кетпес пе екен» деп уайымға берілді. Себебі де белгілі.

қандай мәселе болмасын, бір келісімге келе алмай, өзара «қырық пышақ» болып жататын. Бұның ақыры елді қырық жаққа бөліп, ел ынтымағын талан-тараж ете бастады. Бұл – Алаштың анасы атанған Сыр бойы үшін

соңына еріп, игі істерге балаша қуанды, бір адамдай Сыр бойының болашағына тілектес болды.

Бұдан төрт жыл бұрын көп балалы аналар, осал топтағы жандар облыс әкімдігі сыртындағы темір

Ал, темір шарбақтан ашылған әкімдік алдына әдемі талдар, гүлдер егіліп, орныда қойылып, қалдықтардың кешкі серуен орнына айналды. Сөйтіп билік елден оқшауланбады, қорғанбады, бөлектенбеді. Елмен бірге болуға елеулі қадам жасады.

Жалпы Н.Нәлібаев билік пен халық арасын жақындатып қана қоймады, кешегі мен бүгінгі де біріктірді. Жалпы ел түсінігінде төрге озған билік төрден кеткенді маңына жақындата бермейді. Маңына жақындатпаған ештеңе емес, олардың тұсында жасалған істерді де жоққа шығаратын. Осындай «жоққа шығарудың» кесірінен талай басталған іс аяқсыз, талайлардың артынан ыңғайсыз әңгіме-сөз қалды.

Н.Нәлібаев бұрынғы билікте болғандардың бәрінің басын қосты, олардың жасаған жақсы істерін жұртқа жария етуден жалықпады, «тіпті қиын кезеңдердегі елге қызметтері бағаланбады» деп,

омырауларына орден тақты. Мұндайды бұған дейін кім көрген. Біреуге ұнады, біреуге ұнамады. Алайда бұрынғы мен бүгінгі арасындағы бірлік ел дамуына, ынтымағына ықпал болды.

Әкімімізке орай төрт жылда Н.Нәлібаев қанша ауылды аралады, қанша адамды қабылдады, есебін есептей алмай отырмыз. Бәлкім, есептейтін орындар есептеген-ақ болар. Бірақ, ел есебінде болмай тұр. Айтпағымыз, әкіміміз ел аралауының қабылдауының саны емес, оның нәтижесі, елге әсері. Бәлкім біз байқамаған болармыз, алайда, біз білер тарихта ҰҚК, прокуратура, полиция, сот деген сияқты құқық орындары басшыларының суреттерден көріп, сұхбатын теледидардан көруіміз мүмкін. Алайда, алыстағы ауыл түгілі, облыс орталығы қаланың өзінде оларды «тірелей», жүзбе-жүз кездестіре бермейтінбіз. Нәлібаевтың аудан, ауылдардағы қоғамдық қабылдаулары ерекше өтті. Сол кездесу өтетін елдегі күрделенген мәселелерге билікте

жауапты тұлғалардан бөлек, аймақтағы барлық құқық қорғау орындарының басшылары әкіммен бірге елді қабылдады. Ел ішінде әділетсіз сотқа, дәрекі, жауапсыз полицияға қатысты мәселелерден бөлек, құқықтық сауаттылықтың төмен екендігі де белгілі. Негізі осы қабылдаулардың оң әсері болар облыс әкімдігінің адал жұрттың серуендейтін орнына айналғаннан бөлек, құқық қорғауға қатысты арыз-шағымдар да азайды.

Өткенде көктемнің бас жағында «Дала» күнінің бір іс-шарасында облыстың бас прокуроры елмен бірге егістікке дән сеуіп жүр. Қызық көрініс. Жүрекке жылы көрініс.

Төрт жыл ішінде өңірдің жалпы ішкі өнімінде, әлеуметтік-экономикалық дамуында, инфрақұрылымында ғана өзгеріс болған жоқ. Билік пен халықтың арасында да ашықтық, жақындық қалыптасты. Айқай-шұсыз-ақ алыс ауылдардың өзінде медпунктке, клубқа, спорт кешеніне, тағы да басқа әлеуметтік нысандарға қол жеткізген халықтың билікке деген сенімі нығайды.

Тас жолдың да, темір жолдың да үстінен салынған көпірлердің біраз есебі бар. Жол сапасы жақсарды. Ауыз сумен толық қамтамасыз болды. Шынын айту керек, соңғы жылдары ауыл-аймақта салынған нысандар жұрт қажетін өтеді.

Күнделікті күн шығады, таң атады. Әр күнмен, әр таңмен тағы бір мәселе пайда болады, қажеттілік қылтияды. Барлығы бірдей бітуі мүмкін емес...

Қуаныштысы Үкімет басшысының бірінші орынбасары болып жоғары көтеріліп, Астанаға кеткен Нәлібаевтың сөзінде елде салынған көп ғимарат қалды. «Қызылорда – Ақтөбе» күре жолы, «Бейнеу – Сексеуіл» сияқты жалғасын табар жақсы жобалар тағы бар.

Айтпақшы, басталған істі жалғастыру енді жерде Мемлекет басшысының Жарлығымен облыс әкімі болып тағайындалған Мұрат Нәлқожаұлы Ерғешбаевтың еркінде. Ерғешбаев та Нәлібаевқа ұқсағаны қалған болар, алғашқы қадамын «Қорқыттан» бастапты. Ел ақсақалдарын жинап, бата алыпты. Әрине бұдан төрт жыл бұрынғыдай төрт жағынан қысып тұрған төте жағдай жоқ, дегенмен Нәлібаевтың бастаған ірі істерін, жойқын жобаларын жалғастыру, ел сенімін шығарғандай етіп аяқтау да оңай шаруа емес...

Р.С. «Елдің Нәлібаевтай бола алар ма екен?» дегені көкейдегі күмән емес, Ерғешбаевқа деген үміт...

Қызылорда облысының әкімі М.Ергешбаев:

ЕҢБЕК ЖОЛЫМНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНІҢ БАҒДАРЫ БОЛМАҚ...



Күні кеше Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Жарлығымен өзіне бірінші басшы етіп алып кетуге келген Үкімет басшысы О.Бектенов айтқандай, жалпы өңірлік өнім көлемі 4 жылда 2 есеге артып, санмен сипаттағанда 3,7 триллион теңгеге жеткен. Инвестиция тарту, әлеуметтік маңызды инфрақұрылымды салу және жаңғырту, абаттандыру және басқа да салалар бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде.

Төрт жыл ішінде қанша құрылыс салынды, қанша инвестиция тартылды, қанша баспана берілді. Оның бәрін қайта қайталағымыз жоқ... Айтылып жатыр, айтыла да береді.

Осыдан 4 жыл бұрынғы уақытта шегініс жасасақ, инфрақұрылымнан бөлек қоғамдық санада да біраз сілкініс болған екен...

Айтуға тура келеді, билік пенен ел ақсақалдары, зиялы қауым, бұрын мөр ұстап, төр көрген бұрынғы басшылар арасы қағынып тұрған кез еді. Кәдімгідей өзді-өзі болып, өзара

үлкен сынақ болды. Кәдімгідей бел кетер, әйтпесе белбеу кетер дегендей тайталас тұсында аймақ басшылығына келген облыс әкімі Н.Машбекұлы әкімдігінің алғашқы күні-ақ «қырық пышақ» жұртты «Қорқыт» кешеніне жинады. Ақсақалдардың ақ батасын алды.

Киелі «Қорқытқа» бас иіп, тағзым ете отырып, елді бірлікке, ынтымаққа шақырды. Жалпақ тілмен айтқанда біреуі бір жаққа, енді бірі басқа жаққа бас ұрып жүргендерді бір биліктің айналасына топтастырды.

Шынын айту керек, сол топтасқан топ төрт жыл бойы әкім (енді бұрынғы) Н.Нәлібаевпен бірге облыста өткен іс-шаралардың басында жүрді, біткен іске кезектесіп бата берді, 7-8-ден жабылып, біткен құрылыстың лентасын қиды. Н.Нәлібаев «Қорқыттың» басындағы уәдесінде тұрып, елдің бірлігіне, тұтастығына қызмет етті. Ақсақалдар да «Бір жағадан бас, Бір жеңнен қол шығарып!», ауа райына, денсаулық жағдайларына, егде жастарына да қарамастан әкім

шарбақтарды жағалап, мұң-мұқтажын айту үшін облыс әкімін торуылдап жүретін. Торуылдағандарда да маза жоқ, полицейлерде де дамыл жоқ, екеуара айқасқан, шайқасқан тегін кино болып жататын. Нұрлыбек Машбекұлы әкім болып, әкімдікке кірісімен әкімдікті қоршаған темір шарбақты құртты. «Қантар қақтығысында» билікпен қақтығысқан топтың әкімдікті бұлдіруіне қорған бола алмаса да, тап-тап еткен әйелдерден қорған болып тұрған шарбақтар алынғаннан кейін әкімдік қорғаныс қалғандай еді.

Алайда, әкімдікке қорғанның керігі жоқ екен. Темір шарбақтары алынып, ашық қалған әкімдіктің бірінші қабатынан келген көпшілікті, кім болса да, кез келген мәселемен қабылдайтын арнаулы орындар ашылды. Жұрт әкімдікке емін-еркін кіретін болды. Арнаулы орында жауапты тұлғалардан өзектерін өртеген сұрақтарына, көкейді тескен мәселелеріне тыңғылықты жауап алған жұрт жайына кететін болды.

Үкімет пен әкім:

ЕРГЕШБАЕВТЫҢ КӨКТЕМГІ ЕГІС ЕСЕБІ

Кезекті Үкімет отырысы болып өтті. Мәселе өзекті. Елді азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін көктемгі егіс дұрыс жүруі керек. Күзгі мол өнім осы көктемгі егіске байланысты. Ал, егіннен мол өнім алу үшін жер де, су да, тұқым да, тіпті ауа мен ауа-райы да маңызды. Содан да бей-жай қарауға болмайды. Қазір суыңды, тынайтығыңды, жанар-жағар майыңды тағы да басқа егін егуге қажеттінің бәрін алдын-ала қамтамасыз етпесең, бәлен гектар тұқым сепкенің бекер...

Үкімет басшысы О.Бектеновтың айтуынша «Үкімет тарапынан барлық жағдай жасалды. Қаражат бөлінді, техникамен және қажетті ресурстармен қамтамасыз ету шаралары қабылданған. Дегенмен агротехникалық талаптарды қатаң сақтау, егіншілерді жанар-жағар маймен уақытылы қамтамасыз ету қажеттілігі бар. Оның үстіне Үкіметтің биыл 2,3 млн. тонна тынайтық себу, элиталық тұқымдардың үлесін 11,7%-ға жетілдіру жоспары бар.

Айтпақшы, ауа райына да мониторинг жүргізіп отыруға да, О.Бектенов тапсырма беріп отыр.

Қайсыбір егін болмасын суға тәуелді. Ал, су тапшылығы қаупі жоқ емес. Қазірдің өзінде де бірқатар оңтүстік аудандарда су тапшылығына байланысты шағымдар тіркелуде.

Биылғы көктемгі егіс науқанына байланысты баяндама жасағандар қатарында Қызылорда облысының әкімі М.Ергешбаев та болды. Ол өз баяндамасында «Аймақта вегетациялық кезеңге арналған су лимиті 3 млрд. 250 млн. текше метр болып бекітілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 650 млн. текше метрге аз. Осыған байланысты 185,8 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жоспарланған.

Мемлекет басшысының су үнемдеу тапсырмасына сәйкес биыл күріш алқабы 10,9 мың гектарға қысқартылып, 70 мың гектар болды. Кейінгі төрт жылда күріш көлемі 19 мың гектарға немесе 21%-ға азайған.

Қажетті 65 600 тонна тынайтықштың 97 пайызы сатып алынды. Ауыл шаруашылығы техникалары 100 пайыз дайын. Көктемгі егіске мемлекет тарапынан 10144 тонна арзандатылған дизель отыны бөлініп, кестеге сәйкес жеткізілуде.

Қысқартылған күріштің орнына суды аз қажет ететін дақылдар, оның ішінде жүгері 15 мың гектарға отырғызылады. Күріш себу 22 сәуір күні басталып, бүгінде 35700 гектары егілді. Маусымның 1-не дейін аяқталады. Көктемгі дала жұмыстары қарқынды жүргізілуде, тұқыммен 100 пайыз қамтамасыз етілген», – деп баяндады.

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі өзі де облыс әкімдігінде мәжіліс өткізіп осы және өзге де мәселелер талқыланып, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма жүктелді.

«Шаруашылықтарды вегетациялық кезеңде суармалы сумен қамтамасыз ету ерекше бақылауда болуы тиіс. Су лимитінің магистральді және шаруашылықаралық каналдармен егіске алынуына, ауыспалы егіс тәртібінің сақталуына тұрақты мониторинг ұйымдастырыңыздар.

Аймақта келген су көлемін бақылауда ұстап, есебін қатаң жүргізу, вегетация кезеңінде су шаруашылығы нысандарының, насостардың үздіксіз жұмыс істеуін қадағалау керек – деп тиісті сала басшыларына тапсырма берді.

Бұған дейінгі қызмет жолында негізінен ауыл шаруашылығына, оның ішінде егін егуге бейімделген Сырдария, Қармақшы, Шиели, Қазалы, тіпті қарамағында егінмен күн көріп отырған ауылдары бар Қызылорда қаласына әкім болып, талай көктемгі егісті ұйымдастырып, басшылық еткен тәжірибесі бар М.Нәлқожаұлының бұл жолғы көктемгі егісі соншалықты қиын бола қоймас...

ӘСКЕРИ ӨМІР – ҚИЫНДЫҚТАРҒА ШЫНЫҒУ МЕКТЕБІ

7 мамыр - Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күні. Бұл күн ел тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүрген әскери қызметшілерге құрмет көрсетілетін айрықша мереке. Мереке қарсаңында Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының орынбасары, тәрбие және идеологиялық жұмыстар басқармасының бастығы Ербол Өткелбаев және 5547 әскери бөлімінің әскери қызметшісін Жандос Төлеген әскери қызметтің маңызы туралы ойларын бөлісті.

Ербол Өткелбаев мерзімді әскери қызметтің маңыздылығына тоқталып, оның әрбір азамат үшін үлкен өмір мектебі екенін атап өтті.

— Мерзімді әскери қызмет әрбір азамат үшін жай ғана міндет емес, үлкен жауапкершілік пен өмірлік маңызды кезең. Әскер адамның мінезін қалыптастыратын, жігерін шыңдайтын, тәртіптілікке тәрбиелейтін ерекше орта. Көптеген жастардың әскерден кейін өмірге деген көзқарасы өзгеріп, нақты мақсат қоя бастайды. Мен өз өмір жолымда осыны анық түсіндім. Еңбек жолымды қарапайым қызметтен бастап, біртіндеп тәжірибе жинақтадым. Әскери сала маған үлкен тәртіп пен жауапкершілікті үйретті. Әр кезеңде түрлі қиындықтар болды, бірақ сол қиындықтар мені шыңдап, бүгінгі деңгейге жеткізді. Егер адам өз ісіне адал болса, үздіксіз еңбек етсе, кез келген биікті бағындыруға болады. Бұл менің жеке тәжірибеммен дәлелденген шындық. Жастарға айтарым әскери қызметтен жалтармау керек. Әскерге барып, Отан алдындағы міндетті орындау - үлкен абырой. Әскерде алған тәжірибе сіздердің болашақтарыңызға оң әсер етеді. Сондықтан бұл кезеңді дұрыс пайдаланып, өздеріңізді дамытып, шыңдауға тырысыңыздар. Елге қызмет ету - ең жоғары мәртебе, ал сол жолдағы алғашқы қадамдардың бірі мерзімді әскери қызмет, - деді Ербол Серікұлы.

Сондай-ақ спикер келісімшарт бойынша әскери қызметтің мүмкіндіктеріне де тоқталды. Оның айтуынша, мерзімді қызметтен кейін әскери салада қаламын деген жастар үшін барлық жағдай жасалған. Келісімшарт негізінде қызмет ететіндер тұрақты жалақыға, әлеуметтік кепілдіктерге, кәсіби өсуге мүмкіндік алады. Бұл өз болашағын әскери саламен байланыстыруды қалайтын жастар үшін үлкен мүмкіндік.

Өз кезегінде 5547 әскери бөлімінің әскери қызметшісі Жандос Төлеген әскери қызметке келу жолымен бөлісті. Ол бала күнгі арманының орындалып, бүгінде елге қызмет етіп жүргенін мақтанышпен жеткізді.



— Бала кезімнен әскери адам болуды армандадым. Әскери киім киіп, елге қызмет ету мен үшін ерқашан үлкен мақсат болды. Сол арман мені алға жетелеп, бүгінгі таңда Отан алдындағы борышымды абыроймен атқарып жүрген кәсіби әскери қызметші атануыма себеп болды. Мектеп қабырғасында жүрген кезімде-ақ тәртіпке, жауапкершілікке ерекше мән беретінмін. Әскерге шақырылған сәтте бұл мен үшін күтпеген жағдай емес, керісінше көптен күткен мүмкіндік болды. Мерзімді әскери қызмет барысында мен көптеген нәрсені үйрендім: шыдамдылықты, тәртіптілікті, кез келген жағдайда дұрыс шешім қабылдауды, ұжыммен бірлесу жұмыс істеуді. Әскер мені нағыз өмірге дайындады десем артық айтқандық емес. Уақыт өте келе мен әскери саланы тек уақытша кезең ретінде емес, өмірлік жолым ретінде таңдадым. Сондықтан келісімшарт бойынша әскери қызметке қалу туралы шешім қабылдадым. Бұл - мен үшін өте маңызды әрі саналы таңдау болды. Қазіргі таңда мен өз ісімді жақсы көремін, күн сайын өзімді дамытып, кәсіби тұрғыда шыңдалып келемін. Келісімшарт бойынша қызметтің артықшылықтары да аз емес. Бұл жерде тұрақты жалақы, әлеуметтік кепілдіктер, кәсіби өсу мүмкіндігі бар. Ең бастысы - сен өз еліңнің қауіпсіздігі үшін нақты үлес қосып жүргеніңді сезінесің. Бұл сезім кез келген марапаттан да жоғары. Әрине, әскери қызмет оңай емес. Қиындықтар да, сынақтар да болады. Бірақ дәл сол қиындықтар адамды шыңдайды, жігерін арттырады. Мен осы жолды таңдағаным ешқашан өкінімбеймін. Керісінше, бала күнгі арманымың орындалғанына мақтанамын, - деді Жандос Абайұлы.

Спикерлер жастарды әскери қызметтен жалтармай, оны үлкен мүмкіндік ретінде қабылдауға шақырды. Олардың пікірінше, әскер тек міндет емес, ол өмірлік тәжірибе мен болашаққа берік негіз қалыптастыратын маңызды кезең.

МЕРЕКЕЛІК ШАРА ӨТКІЗІЛДІ

Қызылорда облыстық сотында 7 мамыр - Отан қорғаушылар күніне арналған мерекелік шара өткізілді.

Шараға Қызылорда облыстық сотының төрағасы Ө.Шығамбаев, облыстық соттың алқа төрағалары мен судьялары, Сот Әкімшілігі Қызылорда облысы бойынша Департаментінің басшысы М.Асанова, Судьялар Одағының Қызылорда облысы бойынша филиалының төрағасы Б.Елшібеков, аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары мен судьялары, сот әкімшілерінің басшылары мен мамандары қатысты.

Облыстық соттың төрағасы Ө.Шығамбаев мерекелік шараны ашып, Отан қорғаушылар күні - ел тыныштығын күзетіп отырған айбынды азаматтарға құрмет көрсетіп, олардың асқақ рухы мен адалдығын дәріптейтін айрықша күн екенін атап өтті.

ҚР Сот Әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің

басшысы М.Асанова ерлер қауымын мерекемен құттықтап, сот жүйесінің дамуына үлес қосып келе жатқан жандарға еңбекте толағай табыстарға жете беруіне тілектестігін білдірді.

ҚР Судьялар Одағының Қызылорда облысы бойынша филиалының төрағасы Б.Елшібеков өз сөзінде сот ұжымын Отан қорғаушылар күнімен марапаттап, ізгі тілегін арнап, жылы лебізін білдірді.

Шара барысында қызметтік міндеттерін абыроймен атқарып, сот жүйесінің дамуына қосқан үлестері үшін судьялар және сот мамандары бірқатар марапаттарға ие болды.

Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы А.Сабыров Қазақстан Республикасы Судьялар Одағының «Үш би» төсбелгісімен, Қызылорда облыстық сотының отставкадағы судьясы К.Қаниева

«Судьялар Одағының құрметті мүшесі» төсбелгісімен, Қызылорда облыстық сотының судьясы С.Абызбаева «Жеті жарғы» төсбелгісімен, Сот Әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің ішкі қауіпсіздік бөлімінің басшысы Ф.Турғанбай «Сот жүйесінің белсенді қызметкері» төсбелгісімен марапатталды.

Сонымен бірге бірқатар судьялар мен мамандар ҚР Судьялар Одағының, Қызылорда облыстық соты төрағасының, Сот Әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша Департаменті басшысының, Судьялар Одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы төрағасының, Қызылорда облысы әкімінің Құрмет Грамотасы мен Алғыс хаттарына ие болды.

Мерекелік шара концерттік бағдарламамен жалғасты.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

ОҚУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ

«Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің басшысы Д.Тайыр Ж. Кизатов атындағы №23 мектеп лицейінің оқушыларымен кездесу өткізді.

Кездесу барысында сот әкімшісінің басшысы жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелеріне тоқталып, құқықтық мәдениетті

қалыптастыру жөнінде айтып өтті.

Сонымен қатар заң талаптарын сақтау және құқыққа қайшы әрекеттерден аулақ болу қажеттілігі түсіндіріліп, көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтарға қатысты мәселелер талқыланды.

Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты

тық қарым-қатынастағы тұлғаға сыйламаушылық танытқан.

Сотта Е. өзінің кінәсін мойындайтын көрсетіп, татуласуына байланысты істі тоқтатуды сұрады.

Г. сотқа жолдаған түсінігінде інісіне кешірім беретінін көрсеткен.

Сот қаулысымен азамат Е.-ге қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жәбірленушімен татуласуына байланысты тоқтатылды.

Сонымен бірге азамат Е.-нің осыған дейін қоғамдық орында алкогольді ішімдік ішкенін және осы іс бойынша жәбірленушінің пікірін ескере келе, сот оның жаңа құқық бұзушылық жасауының алдын алу мақсатында, оған 3 ай мерзімге алкогольдік ішімдік ішуге тыйым салатын және өзге де шектеулерді көздейтін ерекше талаптар белгіледі.

Қазалы аудандық соты

СОТ ҚАУЛЫСЫМЕН ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАР БЕЛГІЛЕНДІ

Қазалы аудандық сотында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 73-бабы 1-бөлігі бойынша азамат Е.-ге қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Анықталғандай азамат Е. алкогольді ішімдік ішкен күйінде өзінің туған апасы Г.-ні балағаттап, телефон нөмерінің теңгеріміне ақша салып беруін талап етіп, отбасылық-тұрмыс-

БОТАНИКАЛЫҚ БАҚ – ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР БАҒЫ

Ботаникалық білім беру орталығы бұрынғы облыс әкімі, Үкімет басшысының бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен Президент саябағында бой көтерді. Қызылордалықтардың Оңтүстік Америка, Африка, Қытай, Мексика, Жапония және Мадагаскар елдерінде өсетін өсімдіктерді осы бақтан тамашалауға

мүмкіндігі бар.

Екі қабатты, шынымен қапталған ғимаратта сауда орындары, қызметтік аймақтар, 2 тақырыптық бақ, дәріс залы, әкімшілік бөлік, асхана, ашық аспан астындағы демалыс орны болады. Келушілер бірінші қабаттағы оранжереяларды жоғарыдағы шолу көпірінен көре алады.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Қызылорда қаласының тұрғыны Ақбаев Жалғасбектің (29.08.2023 жылы Ішкі істер Министрлігімен берілген жеке куәлігі) Ішкі істер Министрлігінің қызметтен зейнетке шығу туралы №54160741 зейнетке шыққандығы туралы куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ҚАЗАҚСТАН МЕН МОҢҒОЛИЯ ЗЕЙНЕТАҚЫ САЛАСЫНДА ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ОРНАТУДА

2026 жылғы 1 сәуірден бастап Қазақстан мен Моңғолия үкіметтері арасындағы зейнетақы саласындағы ұнтымақтастық туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) күшіне енді. Келісім екі ел азаматтарының зейнетақы құқықтарын қорғауға бағытталған.

Келісім Қазақстан немесе Моңғолия аумағында тұрақты тұратын және осы елдердің бірінші аумағында еңбек өтілі бар азаматтарға қолданылады. Аталған еңбек өтілі тұратын мемлекетінің заңнамасына сәйкес зейнетақы тағайындау кезінде ескерілетін болады.

Келісім аясында келесі төлем түрлері тағайындалады:

- Қазақстанда – республикалық бюджет есебінен жасына байланысты зейнетақы төлемдері, сондай-ақ міндетті зейнетақы журналдары мен міндетті кәсіптік зейнетақы журналдары есебінен Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан (БЖЗҚ) төленетін зейнетақы төлемдері (жинақтаушы зейнетақы);

- Моңғолияда – сақтандыру зейнетақы қорынан жасына байланысты зейнетақылар. Зиянды және ауыр еңбек жағдайларында жұмыс істеген адамдарға тағайындалатын мерзімінен бұрын төленетін зейнетақылар бұл Келісімге кірмейді (бұл жағдайда төлемдер Моңғолияның әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес сақтандыру зейнетақы қорынан жүзеге асырылады).

Қазақстанда бюджет қаражаты есебінен жасына байланысты зейнетақыны және Моңғолияда жасына байланысты зейнетақыны тағайындауға өтініш, қажетті құжаттармен бірге, өтініш беруші тұратын елдің қызметінің органына тапсырылады.

Бұл ретте Моңғолия азаматтары БЖЗҚ-дан жинақтаушы зейнетақы төлемдерін алу үшін өтінішті қажетті құжаттарымен бірге екі елдің бірінші қызметтің органына ұсына алады.

Келісімді іске асыруға уәкілетті органдар:

- Қазақстанда – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрілігі;

- Моңғолияда – Моңғолияның Еңбек және әлеуметтік қорғау министрілігі.

Қазақстан тарапынан Келісімді іске асыратын қызметтің органдары:

- БЖЗҚ – жинақтаушы зейнетақы мәселелерімен айналысады. Оның

функцияларына БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар Моңғолия азаматтарынан немесе олардың өкілдерінен өтініштер мен құжаттарды қабылдау, мәліметтер мен құжаттарды өңдеу, жинақтаушы зейнетақыны тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдау, сондай-ақ төлемдерді жүзеге асыру кіреді;

- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрілігінің Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті (Комитет) – зейнетақы тағайындау кезінде еңбек өтілін растауды және тиісті сұраулар жіберуді жүзеге асырады. Егер Моңғолия азаматына Қазақстанда зейнетақы тағайындалса, қажет болған жағдайда оның Моңғолия аумағында жинаған еңбек өтілін растау үшін Моңғолияның қызметтің органына сұрау жолданады. Өз кезегінде, Комитет Моңғолия тарапының сұрауы бойынша Қазақстан азаматтарына Моңғолияда зейнетақы тағайындалса, олардың еңбек өтілі туралы ақпарат ұсынады.

Моңғолия азаматтарына БЖЗҚ-дан жинақтаушы зейнетақы төлемдері:

- алушы Қазақстан заңнамасына сәйкес зейнеткерлік жасқа (ерлер үшін – 63 жас, әйелдер үшін – 2026 жылы 61 жас) толып, Қазақстаннан Моңғолияға тұрақты тұруға (ТТЖ) кеткен жағдайда және «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер базасында оның ТТЖ-ға кеткені туралы белгі болған кезде (зейнетақы жинақтарын ТТЖ-ға кетуіне байланысты біржолғы төлеу қарастырылмаған);

- ай сайын алушының шотына Моңғолияның ұлттық валютасы – төгрөгпен аудару арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан мен Моңғолия арасындағы осы Келісімнің қабылдануы зейнетақы саласындағы халықаралық ұнтымақтастықты дамытудағы маңызды қадам болып табылады. Ол екі елде еңбек еткен азаматтардың зейнетақы құқықтарының сақталуын қамтамасыз етіп, зейнетақы тағайындау үдерісін анағұрлым ыңғайлы әрі ашық етеді. Келісімді іске асыру азаматтарға шетелде жинақтаған еңбек өтілін есепке алуға және тұратын елдің заңнамасына сәйкес зейнетақы төлемдерін алуға мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, халықтың еңбек көші-қоны артып отырған жағдайда аса маңызды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 29.12.2015 жылғы № 153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығына және Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы № 410-V «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242)40-04-84 сенім телефоны жұмыс істейтін хабарлайды.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29.12.2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18.11.2015 года № 410-V «О противодействии коррупции» прием граждан по личным вопросам в отделе занятости и социальных программ города Кызылорда ежедневно с 9.00 до 19.00 часов, время перерыва с 13.00 до 15.00 и телефон доверия 8(7242)40-04-84.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» № 153 Жарлығы таластарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес «Қызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8 (7242) 21-33-21 «Сенім телефоны» жұмыс жасайтынын және Қарауылтөбе ауылдық округі әкімімен азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін жүргізілетіндігін хабарлайды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Әдеп Кодексінің (Қағидаларының) талаптарын жүзеге асыру мақсатында бөлімнің қызметкерлері тарапынан құқық және заң бұзушылық әрекеттері орын алған жағдайда, Жаңақорған кенті, М.Көкенов көшесі №4 үйде (Манап Көкенов атындағы аудандық мәдениет үйінің ғимараты) орналасқан Жаңақорған ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінде 21-6-90 сенім телефоны жұмыс жасайтындығын хабарлайды. «Жаңақорған ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Шалабаева Зүлфия Құрманолқызы әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-17.00 аралығында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды жүргізетінін хабарлайды.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года №410-V «О противодействии коррупции» сообщаем, что, в коммунальном государственном учреждении «Аппарат акима сельского округа Карауылтөбе города Кызылорды» работает «Телефон доверия» 8 (7242) 21-33-21 и прием граждан по личным вопросам Акимом сельского округа Карауылтөбе проводится каждую среду недели с 15.00 до 19.00 часов.

МЕНШІК ИЕСІ:

«Желтоқсан и К» ЖШС

Бас редактор

Сәрсенкүл Бәйдешқызы
БИҚОЖАЕВА

Бас редактордың орынбасары
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

Редакцияның мекен-жайы:

Қызылорда қаласы

Абай даңғылы, 59/1

Телефон:

23-16-08

23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)

Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде

тіркеліп

№14611-Г «7» қараша

2014 жылы куәлігі берілген.

Алғашқы есепке қою кезіндегі

нөмірі мен мерзімі

№1026-Г - 11.01.2000 ж

Газет аптасына бір рет жарық көреді

ТАРАЛЫМЫ: 4000

Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет

Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында

басылды.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы,

А.Байтұрсынов көшесі, №49

Таралу аумағы:

Қазақстан Республикасы

Тапсырыс

Газет бетіндегі жарияланымдардың

позициясы мен фактілері үшін

редакция жауап бермейді.

Қолжазбалар өңделеді және

авторларға қайтарылмайды.

Газет материалдарын көшіріп басу

үшін міндетті түрде редакцияның

руқсаты керек.

Сурет сапасына редакция жауап

бермейді

ТАСЫРОВТЫҢ МЕРЕЙІ ТАСЫДЫ



Үкімет басшысының бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев, облыс әкімі Мұрат Ергешбаев Тереңөзек кентінде тұратын Ұлы Отан соғысының ардагері, Сырдария ауданының Құрметті Азаматы Яхия Тасыровты 9 мамыр – Жеңіс күнімен құттықтап, дәстүрге сай сый-сияпат көрсетті.

Бүгінде жасы ғасырдан асқан қарт майдангер 1942 жылы соғысқа аттанып, Сталинградты, Курскіні, Польшаны азат етуге қатысқан. Бейбіт өмірде де белсенді еңбек етіп, ауыл шаруашылығы өндірісінің өркендеуіне үлес қосты.

ЖАЛҒЫЗ ТІРІ АРДАГЕРГЕ – ЕРЕКШЕ ҚҰРМЕТ



Қызылорда облысында көзі тірі жалғыз Ұлы Отан соғысының ардагері, 104 жастағы Қызылорда облысының Құрметті ардагері, әрі Сырдария ауданының Құрметті Азаматы Яхия Тасыровка ерекше құрмет көрсетілді.

Қарт майдангердің шаңырағы алдында Отан қорғаушылар саптық жүріспен өтіп, ардагерге тағзым жасалды. Ерлік пен елдік рухты дәріптеген шара барысында майдангердің Отан үшін жасаған жанқияр ерлігі мен өнегелі өмір жолы кейінгі ұрпаққа үлгі ретінде насихатталды.

Яхия Тасыровтың гибратты ғұмыры - отан сүйіштігі мен адалдықтың, елге деген шексіз сүйіспеншіліктің көрінісі. Бейбіт өмір мен жарқын болашақ үшін күрескен ардагерге деген құрмет әрдайым биік.

Қызылорда облысы әкімінің орынбасары М.ШЕРМАҒАНБЕТ:

БАБАЛАРЫМЫЗ БАТЫРЛЫҚ ПЕН ЖАНҚИЯРЛЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІН КӨРСЕТТІ

Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, құқық қорғау органдарының басшылары, зиялы қауым өкілдері, ардагерлердің қатысуымен қаладағы «Тағзым алаңында» 9 мамыр – Жеңіс күніне арналған «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс» атты салтанатты шара өтті.

даңқты бабаларымыз батырлық пен жанқиярлықтың жарқын үлгісін көрсетті. Бүгінгі ұрпақ бейбітшілік аспаны астында, аштық пен суықты, сұрапыл соғыстың зұлматын көрмей, Тәуелсіз Отанымызда алаңсыз өмір сүруде. Батыр бабаларымыз қол жеткізген қасиетті де ұлы ерлік ел жадында мәңгі сақталады! Баршаңызды Жеңіс күнімен



«Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Біз отандастарымыздың қайтпас қайсарлығы мен қажырлы еңбегін ешқашан ұмытпаймыз. Жанқиярлық пен ерліктің озық үлгісін көрсеткен батырларымыздың есімін әрдайым ұлықтаймыз. Ардагерлерімізге қамқорлық жасап, қолдау білдіреміз», - деген болатын.

Майдангерлердің ерен ерлігін, шексіз батырлығын жадымызда жаңғырту, оларды мәңгі есте сақтау – қасиетті борышымыз.

Ел басына құн туып, ер етігімен қан кешкен қиын-қыстау заманда

құттықтаймын! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз еңселі болғай!»- деді Мейрамбек Зинабдинұлы.

Салтанатты шарада соғыс қаһармандары құрметіне бір минут үнсіздік жарияланып, Мәңгілік алауға гүл қойылды.

Соғыс жылдары Қызылорда облысынан 70 мыңнан астам азамат майданға аттанған. Оның 30 мыңнан астамы қаза тауып, хабар-ошарсыз кеткен, 22 азамат Кеңес Одағының Батыры атанып, 20 мыңнан астам жауынгер түрлі орден-медалдармен марапатталған.

ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ КӨШПЕЛІ ОТЫРЫСЫ

Қызылордада Ұлттық ғылым академиясының көшпелі отырысы өтті. Онда Мемлекет басшысының Жолдауындағы тапсырмаларды іске асыру, атап айтқанда, экономиканың шикізаттық моделінен өнімді терең өңдеуді дамытуға көшу, су ресурстарын ұтымды пайдалану, экономика салаларын басқаруға цифрлық технологияларды енгізу, өңірлік ғылымның рөлін күшейту мәселелері талқыланды.

Отырысқа облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов, облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешов, Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күршібаев, онлайн режимде Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, академияның президиум мүшелері, жоғарғы оқу орындарының басшылары мен ғалымдары, жетекші зерттеу институттары мен ғылыми ұйымдар басшылары, бизнес қауымдастық өкілдері қатысты.

Жыныда «DeerBas» жобасының таныстырылымы өтіп, су ресурстарын басқару, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, экологиялық тұрақтылық, қайта өңдеу саласын ғылыми қамтамасыз ету және тау-кен өнеркәсібінде минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу туралы ұсыныс-пікірлер ортаға салынды.

«Президентіміз ғылымды ел дамуының негізгі қозғаушы күші ретінде айқындап, ғылыми әлеуетті арттыруды стратегиялық басымдық деп атаған болатын.

2026-2030 жылдарға арналған облыстың даму жоспарына жалпы өңірлік өнімдегі ғылыми-зерттеу жұмыстары шығындарының үлесі арнайы көрсеткіш ретінде енгізілді. Облыс

әкімдігі жанынан ғылыми кеңес құрылып, кешенді жұмыс жоспары бекітілді.

Кейінгі үш жылда ғылымды дамытуға 4 млрд. теңгеге жуық қаражат бағытталды. Былтырдың өзінде 1 млрд.300 млн. теңге бөлініп, 2020 жылмен салыстырғанда бес есе артты, 400-ден аса маман кәсіпорындарда ғылыми-зерттеумен, тәжірибелік жұмыстармен айналысады. Ы.Жақаев атындағы Қазақ күрші шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты 7 ғылыми жобаны жүзеге асыруда.

Бүгінгі жиында айтылатын ұсыныстар мен көтерілетін бастамалар аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін береді деп сенемін. Ұлттық ғылым академиясы президиумы көшпелі отырысының жұмысына сәттілік тілеймін!», - деді Данияр Еренғалиұлы.

Басқосуда ғылыми-зерттеу институттарының, ғылыми-өндірістік орталықтардың, жоғары оқу орындарының басшылары сөз сөйледі. Қызылорда облысында су ресурстарын басқару, экология, қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібін перспективалы әрі тиімді дамытуға бағытталған қарар мен бірлескен жұмыс жоспарын әзірлеу туралы шешім қабылданды.

Көшпелі отырыс аясында форсайт-сессия өтіп, академия мамандары жергілікті кәсіпорын өкілдеріне технологиялық олқылықтарды анықтау әдістерін үйретті. Сондай-ақ облыс кәсіпорындарында кенінен енгізуге дайын инновациялық әзірлемелер көрмесі ұйымдастырылды.

Үкімет басшысының бірінші орынбасары Н.НӘЛІБАЕВ:

ҚЫЗЫЛОРДА СЕРПІЛІСІ – КӘСІБИ БІЛІКТІЛІКТІҢ, ЕЛ БІРЛІГІНІҢ ЖӘНЕ ОРТАҚ ЖҰМЫСТЫҢ НӘТИЖЕСІ

Қызылорда облысы әкімдігінде Үкіметтің бірінші орынбасары Н.Нәлібаевтың төрағалығымен қала және аудан әкімдері, құқық қорғау органдарының, аумақтық департаменттер мен басқармалардың басшылары қатысқан мәжіліс өтті. Жиында Үкімет

Жаңадан тағайындалған облыс басшысы Мұрат Нәлкожаұлына қолдау көрсетіп, өңірдің дамуына бірге атсалысасыздар деп сенемін. Біз де Үкімет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетеміз. Мұрат Нәлкожаұлына Президент жүктеген



басшысының бірінші орынбасары, бұрынғы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бірге қызмет атқарған әріптестеріне ризашылығын білдіріп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлестері үшін алғыс айтты.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының Жарлығымен Премьер-министрдің бірінші орынбасары қызметіне тағайындалды. Бұл – маған жүктелген зор жауапкершілік. Сіздермен бірге 4 жылдан астам уақыт бойы туған жерімді өсіп-өркендеуі жолында еңбек еттік. Мемлекет басшысының және Үкіметтің тікелей қолдауының арқасында аймақта ауқымды жобалар жүзеге асып, халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған маңызды бастамалар қолға алынды. Қызылорда облысы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша республикада үнемі алдыңғы қатардан көрініп келеді. Бұл Қызылорда серпілісі - кәсіби біліктіліктің, ел бірлігінің және ортақ жұмыстың нәтижесі.

Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде жүзеге асырылып жатқан «Әділетті Қазақстан» реформалары мен «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасының табысты орындалуы – барлығымыздың бірлескен еңбегімізге байланысты. Сондықтан алдағы уақытта да ел игілігі жолында жұмыла жұмыс істеуіміз қажет.

НӘЛІБАЕВТЫҢ АЛҒЫСЫ

Үкімет басшысының бірінші орынбасары Н.Нәлібаев зиялы қауым өкілдерімен бірге Президент паркі аумағындағы 300 орындық балалар тынығу лагерінің құрылыс барысымен танысты.

Президент тапсырмасына сәйкес Нұрлыбек Машбекұлының бастамасымен салынып жатқан лагерьде жеткіншектердің демалысын ұйымдастыруға, денсаулығын нығайтуға барлық қолайлы жағдай жасалады. Онда спорт кешені, мәдени-көпшілік іс-шараларға арналған event-аймақ, заманауи үлгідегі 5 киіз үй, ашық бассейн, спорт түрлеріне арналған ойын алаңдары, амфитеатр, балалар мен тәрбиешілерге арналған тұрғын блоктар қамтылған. Жыл он екі ай қызмет көрсететін лагерь 1 маусым – Балаларды қорғау күніне орай пайдалануға беріледі.

Бұдан бөлек Нұрлыбек Нәлібаев коммуналдық сала қызметкерлерімен арнайы кездесіп, мамандар еңбегіне алғыс білдірді. Тәулік бойы үздіксіз еңбек етіп, тұрғындардың жайлы өмір сүруіне үлес қосқан бірқатар қызметкер Алғыс хатпен марапатталды.

Сонымен қатар Нұрлыбек Машбекұлы бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен кездесіп, өңірдің дамуы жолында атқарылған жұмыстарды халыққа жедел әрі сапалы жеткізген журналистер қауымына алғыс білдірді.

міндеттерді жүзеге асыруда табыс тілеймін. Өңіріміз өркендеп, дами берсін! Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін», - деді Нұрлыбек Машбекұлы.

ГАЗ ТАПШЫЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҢЫЗДЫ

Қызылорда облысы әкімі «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасеновпен кездесті. Кездесуде өңірдегі мұнай өндірісінің қазіргі әлеуеті, шикізат өндірісінің ілгерлету жобалары талқыланды.

«Аймақтағы мұнай компаниялары бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында маңызды мәселелерді шешуге, жобаларды жүзеге асыруға қолдау көрсетіп келеді. «ҚазМұнайГаз» акционерлік қоғамы ауқымды жұмыс атқаруда. «Қазгермұнай» компаниясының демеушілігімен Қызылорда қаласында 2 млрд. 500 млн. теңгеге заманауи Оқушылар сарайы салынып, пайдалануға берілді. Осы орайда Сыр жұртшылығының және Өзімнің атымнан шынайы ризашылығымызды білдіремін», - деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы газ тапшылығының алдын алу үшін ондеу қондырғысын қысқа мерзімде іске қосудың, бұл мәселені ерекше бақылауда ұстаудың маңызына тоқталды.

Қазіргі уақытта Үкімет газ тапшылығына жол бермеу үшін газ кен орындарын дамытуға ерекше көңіл бөледі. 2022 жылы «Казнефрод Групп», «Түзкөл-мұнайгаз» және «Казгермұнай» арасында «Онүстік Ақсай» кен орнындағы шикі газды өңдеу зауытына дейін жеткізу үшін газ құбырын тарту бойынша Энергетика министрлігімен меморандумға қол қойылған.

ЕРГЕШБАЕВ ҚҰРЫЛЫСТЫ АРАЛАДЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаев Қызылорда қаласында құрылысы қарқын алған әлеуметтік нысандарды аралап, жұмыс барысымен танысты.

көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Соның бірі - бір ауысымда 100 келушіге қызмет көрсететін емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300



Аймақ басшысы алдымен 20,5 млрд. теңгеге салынып жатқан «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылыс алаңына барды. Жалпы аумағы 26 мың шаршы метр болатын кешенде 50 метрлік жүзу бассейні, Әлем, Азия ойындары секілді халықаралық жарыстар өткізуге арналған 2500 орындық зал, форумдар мен түрлі жиындарға арналған 300 орындық конференция залы қарастырылған.

Нысанның қасбеті заманауи архитектуралық үлгіде болады, витражы тәзімді әйнекпен қапалады. Пайдалануға берілгеннен кейін оқу-жаттығу жиындарын өткізуге бейімделеді. Нысанды осы жылдың тамыз айында іске қосу жоспарланған.

Одан кейін облыс әкімі сол жағалаудағы 600 пәтерлік 5 және 9 қабатты 10 тұрғын үйдің құрылысымен танысты. Жобаға 11 млрд. 364 млн. теңге қаралған, 33 мың шаршы метр заманауи тұрғын үй кешенінде 8 ойын және воркгаут алаңы, 3 демалыс аймағы орналасады.

Бүгінде денсаулық сақтау саласында тың жобалар жүйелі жүзеге асырылып, халыққа көрсетілетін медициналық

төсектік көпбейінді аурухана құрылысы. Заманауи талаптарға сай нысан диагностика және емдеудің озық технологияларымен жабдықталып, халықаралық стандарттар негізінде қызмет көрсетеді.

«Мелиоратор» ЖШС салып жатқан, құрылысына 36 млрд. 416 млн. теңге бөлінген кешеннің аумағы 57 мың шаршы метр, 10 блоктан тұрады. Атап айтқанда емхана, пансионат, конференция залы, асхана, физиотерапия, қабылдау, әкімшілік, реанимация, химиотерапия және радиотерапия, операциялық бөлімдер қамтылған.

Сонымен қатар облыс әкімі Титов шағын ауданында салынып жатқан бір ауысымда 400 келушіні қабылдайтын емханадағы жұмыс барысын көрді. Құрылысқа 9 млрд. 823 млн. теңге қаралған, аумағы 9 мың шаршы метр болатын заманауи емханада балалар мен ересектерге арналған емдеу-профилактикалық бөлімшелер, функционалдық диагностика және стоматология кабинеттері қарастырылған. Нысанды осы жылы халық игілігіне беру жоспарланған.

Аудан жаңалықтары

ЖЫРЫМЕН САҒЫНЫШҚА АЙНАЛҒАН

АРАЛ аудандық мәдениет үйінде ақын, мәдениет жанашыры Сағынай Дәріғұлұлы еске алуға арналған «Сағындырған Сағынай» атты рухани-әдеби кеш өтті. Ақынның 75 жылдығына орай ұйымдастырылған тағылымды шараға аудан зиялылары, мәдениет және өнер саласының өкілдері, ақын-жазушылар, ардагерлер, туған-туыстары мен аудан тұрғындары қатысты.

Кеште әсерлі прологпен ашылып, ақынның өмір жолы мен шығармашылық мұрасы туралы тағылымды ойлар айтылды. Жүргізушілер Сағынай Ешекеновтің туған жер руханиятына қосқан үлесі мен өнерге адал болмысын тәбіріненсіпен жеткізді.

Шара барысында Арал ауданы әкімінің орынбасары Нұрмұхаммед Омарұлы Бохаев сөз сөйлеп, ақынның ел мәдениеті мен руханиятындағы орнына тоқталды. Ол өз сөзінде Сағынай Ешекеновтің ақындық қырымен қатар, ұйымдастырушылық қабілеті мен елге деген жанашырлығы кейінгі ұрпаққа үлгі екенін атап өтті.

— Сағынай Дәріғұлұлы — туған жерінің рухани дамуына өлшеусіз үлес қосқан азамат. Ол өнер мен мәдениетті өркендетуге, жастардың шығармашылыққа бет бұруына айрықша еңбек сіңірді. Оның артында қалған жырлары мен өнегелі істері халық жадында мәңгі сақталады. Осындай тулғаның мерейтойын тағылымды кешпен атап өту — кейінгі буынның рухани сабақтастығын айқындайтын маңызды қадам, — деді аудан әкімінің орынбасары.



Кеш аясында ақынның өмірі мен шығармашылығынан сыр шертетін «Отыз екі көктем» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Бұл еңбек ақынның терең сезімге толы жырларын, тағдырлы толғаныстарын бүгінгі оқырманмен қайта қауыштырған рухани мұра ретінде бағаланды. Сонымен қатар ақынның сөзіне жазылған өңдер орындалып, көркем жырлары оқылды. Әсіресе, ақынның туған-туыстары мен немерелерінің қатысуымен орындалған шығармалар кештің мазмұнын тереңдетте түсті.

Кеш барысында ұйымдастырылған «Сағындырған Сағынай» атты облыстық жазба ақындар мұшайрасының жеңімпаздары марапатталып, сөз өнеріне құрмет көрсетілді.

Кеш соңында ақын әулеті атынан кітаптың жарық көруіне қолдау білдірген азаматтарға алғыс айтылып, Сағынай Ешекеновтің рухани мұрасын ұлықтауға үлес қосқан жандарға ризашылық білдірілді.

«Сағындырған Сағынай» кеші ақын рухына тағзым етіп қана қоймай, ұлттық руханиятты дәріптеген, ұрпақ сабақтастығын айшықтаған мазмұнды мәдени шара ретінде көпшілік көңілінен шықты.

КӨПІР БОЛАДЫ

ШИЕЛІ ауданы әкімі Айтбай Жандарбеков тиісті сала басшыларымен бірге Шиелі кентіндегі Есабыз және Ә. Молдағұлова көшелерінің қиылысында орналасқан К-4 каналындағы автомобиль көпірінің құрылыс жұмыстары барысымен танысты. Құрылыс жұмыстарын мердігер «Гулнур МК» ЖШС жүргізеді.



Көпір құрылысы толық аяқталғаннан кейін аудан тұрғындары үшін көлік қозғалысы едәуір жеңілдеп, жол қауіпсіздігі артады. Сонымен қатар бұл нысан кент ішіндегі қатынасты жақсартып, тұрғындардың күнделікті жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасап, инфрақұрылымның дамуына серпін береді.

Аудан әкімі құрылыс сапасына ерекше мән беріп, жұмысты белгіленген мерзімде әрі талапқа сай аяқтауды тапсырды. Сондай-ақ, жауапты сала басшыларына нысанды тұрақты бақылауда ұстап, жұмыстардың сапалы орындалуын қамтамасыз етуді міндеттеді.

БАТЫРҒА АРНАЛҒАН ЖАРЫС

Жеңістің 81 жылдығына орай АРАЛ қаласында Кеңес Одағының Батыры Ерденбек Ниемқалиевті еске алуға арналған дәстүрлі жеңіл атлетикалық эстафеталық жарыс өткізілді. Жарыстың негізгі мақсаты — жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру, салауатты өмір салтын насихаттау және спортты дамыту болып табылады.

Салтанатты ашылу рәсімінде Арал ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы С. Жанназарова және Арал ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Т. Әлжанов сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Аталған жарыс 8-9 сынып оқушылары, 10-11 сынып оқушылары және мекеме-кәсіпорын қызметкерлері арасында ұйымдастырылды.

Жарыс бағдарламасына сәйкес 8-9 сынып оқушылары арасында 10 кезеңнен тұратын эстафеталық жарыс, 10-11 сынып оқушылары және мекеме-кәсіпорын қызметкерлері арасында 14 кезеңнен тұратын эстафеталық жарыс өткізілді.

Жарыс қорытындысы бойынша 8-9 сынып оқушылары арасында: I орын — №14 мектеп-лицей, II орын — №64 орта мектебі III орын — №262 мектеп-гимназиясы.

10-11 сынып оқушылары арасында: I орын — №14 мектеп-лицей, II орын — №220 орта мектебі, III орын — №62 мектеп-лицей.

Мекеме-кәсіпорын қызметкерлері арасында: I орын — №83 орта мектеп, II орын — Арал кәсіпалы колледжі, III орын — Арал индустриалды-техникалық колледжі.

Жарыс қорытындысымен жеңімпаз және жүлдегер командалар Арал ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің Грамоталарымен, медальдарымен және спорт кубоктарымен марапатталды.



ҚАТТЫ ОТЫНҒА ҚАЖЕТТІЛІК ҚАТТЫ

ЖАЛАҒАШ ауданы әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен мәжіліс өтті. Мәжілістің күн тәртібінде өткен жылыту кезеңінің қорытындысы және алдағы жылы беру маусымына дайындық мәселелері қаралып, жауапты сала басшыларына нақты міндеттер жүктелді.

— «Аудан бойынша өткен жылы беру маусымы тұрақты жағдайда өтті. "Қыстың қамын жаз ойла" демекші, аудандағы барлық әлеуметтік және бюджеттік мекемелер бу қазандықтарының жай-күйіне жан-жақты зерделеу жүргізіп, анықталған кемшіліктерді дер кезінде қалпына келтіруі қажет. Тұрғындарға жеткізілетін қатты отын қорына қатысты кәсіпкерлермен осы бастан меморандум жасаңыздар. Алдағы жылыту маусымында халықты отынмен қамтуда және әлеуметтік нысандардың бу қазандықтарына байланысты ешқандай мәселе туындамауы тиіс», — деді А.Ибраимов.

2025-2026 жылдардағы жылы беру маусымына аудан бойынша қатты отынға қажеттілік 9300 тоннаны, сұйық отынға қажеттілік 1708 тоннаны құрады. Нәтижесінде 11 400 тонна қатты отын жеткізіліп, жоспар 116,3 пайызға орындалды.

Елді мекендерді табиғи газ желісіне қосу мақсатында Бұқарбай батыр, Қаракеткен және Далдабай ауылдары газдандыру бойынша демеушілер есебінен жобалау-сметалық құжаттар әзірленіп, қаржыландыруға ұсынылды. Аудан әкімі аталған елді мекендерді газдандыру жұмыстарын жеделдетіп, газ желілерін тарту бағытындағы шараларды күшейтуді тапсырды.

Мәжіліс қорытындысында күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жауапты сала басшыларына, кент және ауылдық округ әкімдеріне хаттамалық тапсырмалар берілді.

ЕСМАХАНОВ ЕСКЕРТТІ

ҚАЗАЛЫ ауданы әкімі Алмасбек Есмаханов ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, макроэкономикалық мекелердің орындалуы, инвестиция тарту, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, жұмыспен қамту және бюджет кірістерін ұлғайту, қоғамдық-саяси ахуал сынды бірқатар маңызды мәселелерге қатысты мәжіліс өткізіп, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Мәжілісте аудан басшысы алдымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен Мұрат Нәлқожаұлы Ерғешбаевтың Қызылорда облысының әкімі болып тағайындалуына байланысты өңірдің дамуына тың серпін беру, барлық салада нәтижеге бағытталған жүйелі жұмыстарды күшейту қажеттігін

ескертті.

2026 жылдың алғашқы 3 айының қорытындысымен аудан көрсеткіштерінде оң динамика қалыптасқанын атап өтіп, алдағы уақытта да қарқынды бәсеңдетпеуді тапсырды. Өнеркәсіптің өңдеу саласын дамыту, жаңа өндіріс көздерін ашу, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, тұрақты жұмыс орындарын құру және құрылыс нысандарын белгіленген мерзімде пайдалануға беру жөнінде жауаптыларға нақты міндеттер жүктеді.

Мемлекеттік бағдарламалар аясында бөлінген қаржыларды уақытылы әрі тиімді игеру, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін заң талаптарына сәйкес ұйымдастыру мәселелері де қатаң бақылауда болу керектігін айтты.

Жиында қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау, әлеуметтік желілерге

"ТЕРЕҒӨЗЕК" ГҮЛДЕП ТҰР

СЫРДАРИЯ ауданының орталығы Тереңөзек кентінде гүлдендіру, көгалдандыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Орталық алаңға, көшелер бойына түрлі гүлдер егіліп, жасыл желектер отырғызылып, демалыс аймақтары абаттандырылуда. Бұл жұмыстардың басты мақсаты — тұрғындарға жайлы, таза әрі әдемі орта қалыптастыру.



Аталған игі іске аудан орталығындағы «Тереңөзек тазалығы» мекемесі белсенді үлес қосып, мекеме қызметкерлері гүл отырғызу жұмыстарын жүргізіп, қоғамдық орындардың көркін арттыруға атсалысуда.

Көгалдандыру тек көріктендіру ғана емес, экологиялық ахуалды жақсартуға да үлкен үлес қосады. Жасыл аймақтар ауа сапасын жақсартып, жаздың аптап ыстығында сая болатын орындар санын арттырады.

тұрақты мониторинг жүргізу, тұрғындармен кері байланысты күшейту және халықты аудан көлеміндегі жағымды жаңалықтармен тұрақты ақпараттандыру мәселелеріне де ерекше назар аударды. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында аудандық полиция бөліміне күнделікті күшейтілген режимде жұмыс жүргізу тапсырды.

Мәжіліс соңында аудан әкімі елді мекендердегі тазалық, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын жүйелі ұйымдастырудың маңыздылығына тоқталып, кент, қала және ауылдық округ әкімдеріне нақты тапсырмалар берді.

Мәжілісте берілген әрбір тапсырманың сапалы әрі мерзімінде орындалуы тікелей өзінің бақылауында болатынын қатаң ескертті.

КӨЛІКТІҢ ДЕ, ЖАЯУДЫҢ ДА ЖОЛЫ ЖӨНДЕЛУДЕ

Қазалы ауданы әкімі Алмасбек Есмаханов Әйтеке би кентіндегі автомобиль жолдарына жүргізіліп жатқан ағымдағы жөндеу және жаяу жүргіншілер жолының құрылыс жұмыстарын аралап көріп, атқарылып жатқан жұмыстардың сапасы мен мерзімінде орындалуын назарға алды.

Биыл аудан орталығындағы тұрғындардың жайлы әрі қауіпсіз жүріп-тұруына жағдай жасау мақсатында бірқатар көшелердің асфальт жабындысына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Атап айтқанда, Р.Сабырбаев, С.Сейфуллин, Біржан сал, Жалаңтөс батыр, Ж.Аймауытов, М.Шокай, С.Сүлейменов көшелерінде автомобиль жолдарының тозған бөліктері жаңартылып, асфальт қабаты ретке келтіріледі.

Қазіргі таңда мердігер мекеме тарапынан дайындық және құрылыс жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде. Аудан басшысы жауапты сала мамандары мен мердігер мекеме өкілдеріне құрылыс сапасына ерекше мән беруді, тұрғындар үшін қолайлы инфрақұрылым қалыптастыруды тапсырды.

Сонымен қатар Әйтеке би кентіндегі Бөрікұлаков көшесі мен 5 квартал аумағындағы Жетес би көшесіне жаяу жүргіншілер жолы салынуда. Бұл жұмыстар тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, әсіресе балалардың мектепке қауіпсіз қатынауына мүмкіндік береді.

Жобаға сәйкес Бөрікұлаков көшесіндегі тротуардың ұзындығы 2,5 шақырымды құраса, Жетес би көшесіндегі жаяу жүргіншілер жолы 1,6 шақырымға созылады. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде.



Аудан әкімі Әйтеке би кентіндегі жол инфрақұрылымын жақсарту бағытындағы жұмыстарды аралау барысында Желтоқсан және В.Счастнов көшелерінің бойындағы көпбағатты үйлердің аулаларына автотұрақ пен жаяу жүргіншілер жолын салу жұмыстарының сапасын бақылап, тиісті сала басшылары мен мердігерлерге бірқатар тапсырмалар берді.

Аудан әкімі инфрақұрылымды дамыту — халықтың тұрмыс сапасын арттырудың басты бағыттарының бірі екенін атап өтіп, ел игілігі үшін атқарылып жатқан жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатынын жеткізді.

ЖАҢАҚОРҒАН-ДЫҚТАР ДА БАР

10-18 мамыр күндері Алматы қаласында 16 жасқа дейінгі қыздар арасында гандболдан тұңғыш рет Азия чемпионаты өтуде. Тарихи додаға 6 елдің ұлттық құрамалары қатысуда: Қазақстан, Қытай, Иран, Гонконг (Қытай), Өзбекстан және Қырғызстан.

Чемпионаттың алғашқы күнінде Қазақстан құрамасы Өзбекстан құрамасымен кездесіп, 41:35 есебімен жеңіске жетті.

Айта кетейік, Қазақстан ұлттық құрамасының сапында жерлестеріміз — Келінтөбе ауылынан Қырғызбай Нұрдана, Насырла Ақмарал және Жаңақорған кентінен Қалдыбекқызы Ақмарал өнер көрсетуде. Кезекті жарыста Қырғызбай Нұрдана үздік ойыншы атанды.

БАЛАСЫ ӘСКЕРГЕ КЕТКЕНДЕРГЕ "АЛҒЫС ХАТ" БЕРДІ

Отан алдындағы қасиетті борышты өтеу — әрбір азаматтың парызы. Осындай жауапты сәттердің бірі ретінде Қармақшы ауданының «Руханият» орталығында жас сарбаздарды әскер қатарына салтанатты түрде шығарып салу рәсімі өткізілді.



Жиынға аудан әкімінің орынбасары Диас Молдабаев қатысып:

— «Отанға адал қызмет ету, тәртіп пен жауапкершілікті жоғары ұстау — басты міндет. Осы жолда Сіздер табандылық

танытып, ерлік пен батылдықтың үлгісін көрсетеді деп сенеміз. Сондай-ақ ата-аналарыңыз бен жақындарыңыз сіздерді зор үмітпен, мақтанышпен шығарып салып отыр. Олардың сенімін ақтап, абыроймен оралатындарыңызға сенім білдіреміз! Сапарларыңыз сәтті, қызметтеріңіз абыройлы болсын», — деп жылы лебізін білдірді.

Сондай-ақ Қармақшы аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы Жандос Бекмұрзаев, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Әбдірахман Құлдүйсенов, Ауған соғысының ардагері Асқар Ерманов жас сарбаздарға сәттілік тілеп, ел тыныштығы мен қауіпсіздігін қорғау үлкен жауапкершілік екенін атап өтті.

Шара барысында әскери қызметке аттанғалы отырған азаматтарға құрмет көрсетіліп, ата-аналарына «Алғыс хат» табыс етілді.

Ардагерлер жас сарбаздарға батасын беріп, Отан алдындағы борышты абыроймен атқаруға сенім білдірді.

Сондай-ақ салтанатты жиын патриоттық өңдер мен концерттік бағдарламамен жалғасын тапты.

ӘКІМ ҚЫЗМЕТТІ “ҚОРҚЫТТАН” БАСТАДЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев алғашқы жұмыс сапарын Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата мемориалдық кешенінде ел ағалары, зиялы қауым өкілдері және ардагерлермен кездесуден бастады.



Оған Қазақстанның Еңбек Ерлері Абзал Ералиев, Имамзада Шағыртаев, облыстық мәслихат төрағасы, мемлекет және қоғам қайраткерлері, облыстық, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағалары қатысты.

Кездесуде аймақ басшысы ақсақалдардың ел бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтудағы рөліне тоқталып, аға буынның өмірлік тәжірибесі мен ой-пікірлері қашанда маңызды екенін атап өтті. Сонымен қатар ел ағаларының ұсыныстары мен ақыл-кеңестері әрдайым ескерілетінін жеткізді.

Ардагерлер облыс басшысының алдағы істеріне сәттілік тілеп, алғашқы қадамды жиналыстан емес, киелі орыннан, тағылымды кездесуден бастағанына ризашылық білдірді.

Мұрат Нәлқожаұлы Марал ишан кесенесіне де арнайы барып, ондағы атқарылған жұмыстармен және қазіргі жағдайымен танысты.

Жосалы кентінен шығысқа қарай 18 шақырым жердегі кесененің төлқұжаты облыстық бюджет есебінен жаңартылып, қорғау тақтасы орнатылды. Жергілікті маңызы бар микросакралды киелі орындар тізіміне енгізілді. Ал 2018 жылы аудандық бюджет есебінен жаңғыртылып, облыстық бюджет қаржысына 3D форматтағы интерактивті карта әзірленді.

2024 жылы облыстық бюджеттен 252,3 млн. теңге бөлініп, 6,5 шақырым «Жалағаш – Жосалы – Марал ишан» автомобиль жолы жөнделді.

«СЫРТҚЫ ЖАУДАН, ІШКІ ДАУДАН АМАНБЫЗ»

Қызылорда қаласындағы «Өнер орталығында» 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне және 9 мамыр – Ұлы Жеңістің 81 жылдығына арналған «Айбыны асқақ, айбары мықты азат ел» атты мерекелік шара өтті.

Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов, Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясының өкілдері, құқық қорғау органдарының басшылары, зиялы қауым, ғылым саласының қызметкерлері қатысты.

Салтанатты шарада облыс әкімінің бірінші орынбасары ардагерлер мен әскери қызметкершілерді мерекемен құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

– «Баршаңызды Отан қорғаушылар күнімен, Ұлы Жеңіс мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшымыз – Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Қазақ – даңқты тарихын ат тұяғымен жазған халық. Біз ұлан-ғайыр жерін жауға бастырмаған батыр елдің ұрпағымыз. Алапат соғыста жеңіске жеткен қаһарман ерлердің ізбасарымыз. Қазір еліміздің күштік құрылымдары Қазақстанның қауіпсіздігін қас қақпай күзетіп тұр. Отанымыздың іргесі берік болуын қамтамасыз ету – әр азаматтың перзенттік парызы», – деген болатын.

Бүгінде Тәуелсіз мемлекетіміздің Қарулы Күштері ерлік пен батылдықтың озық үлгісін көрсетуде. Соның арқасында әскери қызметшілеріміз БҰҰ аясындағы түрлі бітімгерлік операцияларға қатысып, өздерінің кәсібилігі мен жоғары деңгейдегі жауынгерлік машығын дәлелдеп келеді. Бүгінде әскерилерді, құқық қорғау, азаматтық қорғаныс органдарының қызметкерлерін мемлекет тарапынан жан-жақты қолдауға баса көңіл бөлінген.

Жалпыұлттық бірлік пен саяси тұрақтылықтың нәтижесінде елдің сырты жаудан, іші даудан аман болып, мемлекетіміз орнықты дамуда. Баршаңызды мерекемен құттықтаймыз, Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз және Таза Қазақстанды құру жолындағы барлық бастамамыз сәтті жүзеге аса берсін. Еліміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!», – деді Данияр Еренғалиұлы.

Мерекеді Сыр өңіріне арнайы келген Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күршібаев құттықтау сөз сөйледі. Отанға кәсіби біліктілігімен қалтқысыз қызмет етіп жүрген әскери қызметшілер марапат төрінен көрінді.

Шара тыл ардагерлеріне гүл шоқтарын тарту ету рәсіміне, концерттік бағдарламаға ұласты.

ТАПСЫРЫЛҒАН ӘРБІР ҚАН – ҰЗАРТЫЛҒАН АДАМ ӨМІРІ

Облыстық Қан орталығында ана мен бала денсаулығын қолдауға бағытталған «АНА МЕН БАЛАҒА ӨМІР СЫЙЛАЙЫҚ!» атты қан донорлығы акциясы басталды. Игі шараның мақсаты – қоғам назарын донорлық мәдениетке аудару, азаматтарды қайырымдылыққа үндеп, ана мен бала өмірін сақтауға үлес қосуға шақыру.



Статистикалық мәліметтерге сәйкес, облыста жыл сайын 20 мыңға жуық сәби дүниеге келеді. Ана мен бала өміріне қауіп төнетін шұғыл жағдайларда қан құю қажеттілігі жиі туындайды. Осындай сәттерде донор қаны көптеген аналар мен сәбилердің өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Акция 10 мамыр – Аналар күнінде бастау алып, 1 маусым – Балаларды қорғау күніне дейін жалғасады. Осы уақыт аралығында қала және аудан әкімдіктерінің, облыстық басқармалар мен мекемелердің қызметкерлері қан тапсырып, қайырымдылық шарасына белсенді қатысады деп жоспарлануда.

Аталған игі бастамаға облыс тұрғындарын белсенді қатысуға шақырамыз. Себебі әрбір тапсырылған қан – бір адамның өміріне үміт сыйлайды.

“ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ”

БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

ҒАНА ЕМЕС

«Қазақстан темір жолы ҰК» АҚ мен Wabtec арасындағы стратегиялық әріптестіктің негізгі бағыты ел аумағында әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруды көздейді. Сол жобалардың бірі Арал ауданы оқушыларына арналған заманауи шығармашылық сарайы.

Ұлттық компанияның бастамасы аясында 100 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебі» біріктірілген, балаларға қосымша білім

беру кабинеттері орналасады деп жоспарлануда. Бұл оқушылардың бейіміне қарай сапалы қосымша білім алуына, жан-жақты дамуына мүмкіндік береді.

Жұмысқа 120-дан астам маман тартылып, нысанға отандық құрылыс материалдарын пайдалану арқылы жергілікті өндірісті қолдауға да басымдық берілмек. «Оқушылар сарайы» ел игілігіне айналғаннан кейін 100-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде.



беретін заманауи инфрақұрылым құрылады. Негізгі мақсат – өскелең ұрпақтың шығармашылық әлеуетін дамыту.

Жалпы ауданы 1 950 шаршы метрлік кешенде түрлі бағыттағы үйірмелер, өнер және қосымша білім

Аталған жоба өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға, балалар мен жастар үшін қолайлы орта қалыптастыруға және елді мекен тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыруға оң ықпал етеді.

АРАҚСЫЗ АУЫЛДАРДА ҚЫЛМЫС АЗАЙҒАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Зан мен тәртіп» қағидаты аясында жергілікті әкімдік және прокуратура органдарының бірлескен жұмысының нәтижесінде Жалағаш ауданына қарасты барлық 14 ауылдық округ алкогольден бас тартып «Алкогольсіз ауыл» мәртебесіне ие болды.

Бұл – жергілікті аумақта қоғамдық тәртіпті нығайтуға, құқық бұзушылықтың алдын алуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыстардың нақты нәтижесі.

Жыл басында тұрғындар арасында арнайы сауалнама ұйымдастырылып, ауыл халқының 87 пайызы «Алкогольсіз ауыл» бастамасын қолдаған. Қабылданған шаралар өз нәтижесін беруде. Атап айтқанда 2026 жылдың алғашқы төрт айының қорытындысы бойынша масаң күйде жасалған қылмыстар саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 55 пайызға төмендеп, 9 деректен 4 жағдайға дейін азайған.

Аталған бастама – қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыруға, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған маңызды жобалардың бірі болып табылады.

СҮҢГҮІР ҚҰТҚАРУШЫЛАР ҚҰТҚАРУҒА ДАЙЫН

Қызылорда облысының Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында өңірдегі су айдындарындағы қауіпсіздік шаралары, шомылу маусымына дайындық барысы және сүңгуір-құтқару қызметінің жұмысы жан-жақты баяндалды. Брифинг барысында облыстық Төтенше жағдайлар департаменті Желел-құтқару жасағының басшысы Бақтияр Тұрманов салада атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы міндеттерге тоқталды.

- Облыстық ТЖД Желел-құтқару жасағында 75 қызметкер жұмыс істейді, оның 55-і - сүңгуір мамандар. Сүңгуір-құтқарушылар тәулік бойы үздіксіз қызмет атқарады және кез келген жағдайда жедел әрекет етуге дайын. Басты мақсатымыз су айдындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тұрғындар арасында алдын алу жұмыстарын күшейту. Осы бағытта түсіндіру шаралары тұрақты жүргізілуде. Шомылу маусымы кезінде белгіленген жағажайларда барлық қажетті



жағдайлар жасалып, қауіпсіздік талаптары қатаң сақталады. Сонымен қатар қауіпті аймақтарда ескерту белгілері орнатылып, мобилді бақылау бекеттері жұмыс істеуде. Құтқарушылар заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, кәсіби дайындықтарын үнемі жетілдіріп келеді. Бұл кез келген жағдайға жедел әрі тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді, - деді Бақтияр Маханбетжанұлы. Оның айтуынша, биыл өңірде ресми түрде белгіленген 7 жағажай халық игілігіне қызмет етеді. Бұл орындарда демалушылар үшін қауіпсіз әрі қолайлы жағдайлар қарастырылған.

450 ЖАСҚА ТОЛҒАН ЖАЛАҢТӨС БАҒАДҮРГЕ АРНАЛҒАН АЙТЫС

Қызылорда қаласындағы «Өнер орталығында» даңқты қолбасшы Жалаңтөс Бағадүрдің 450 жылдығына арналған «Алты Алаштың арысы - Ер Жалаңтөс!» атты республикалық ақындар айтысының салтанатына облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет қатысты.

Республикалық айтысқа Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының төрағасы Жүрсін Ерман, Парламент Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов, айтыскер ақын, «Алтын

қайталамайтын, Ұлы даланы мекендеген ұлы бабалар жолын лайықты жалғастыра алатын ұрпақ тәрбиелеуге тиіспіз», - деген болатын.

Жалаңтөс Бағадүр - Қазақ хандығының сындарлы кезеңінде саясаткер әрі қолбасшы болған, ел есінде мәңгі сақталған бірегей тұлға.

Аймағымызда батыр рухына арналған мәдени іс-шаралар ұйымдастырылуда. Соның ішінде бүгінгі республикалық айтыстың маңызы ерекше. Себебі қатысушылардың бәрі - бейбіт күнгі батырлар бейнесін өлеңмен өріп, ұрпаққа рухани тәрбие сіңірген тарландар.



домбыра», мемлекеттік «Дарын» сыйлығының иегері Бекарыс Шойбеков, Мәдениет қайраткері Кенжебай Жүсіп қазылық етті. Аламан доданы белгілі ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Парламент Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтаев тізгіндеді. Жыр додасы жасанды интеллект көмегімен жасалған Жалаңтөс Бағадүр образындағы тақырыптық монолоптен басталды.

Ашылу рәсімінде Мейрамбек Зинабдинұлы еліміздің өр өңірінен жиналған айтыскерлерге сәттілік тіледі.

- «Ұлы Жеңістің 81 жылдығы күні даңқты қолбасшы Жалаңтөс Бағадүрдің 450 жылдығына арналған республикалық ақындар айтысы басталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Тарихты білу дегеніміз – өткенмен өмір сүру емес. Біз тарихымызды терең білу және одан тағылым алу арқылы өткеннің қателігін

Сөз – қуатты құрал, ақын - сөз құдіретін кеудеден қорытып шығарып, ой-саңаға құюшы. Сондықтан бүгін ерлік даңқы аспандайтын күн болмақ. Сөз жүйріктеріне батыр атын асқақтатып, ел рухын көтеріп, көмбеге сүрінбей жетіп, бәйгелі болыңыздар дейміз! Баршаңызға сәттілік тілеймін!», - деді Мейрамбек Зинабдинұлы.

Айтыс аламанында 12 ақын бақ сынады. Қорытындысында Шығыстың ақын қызы Жұлдызай Маратбек бас жүлдені иеленсе, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері, жерлесіміз Мұхтар Ниязов І-ші орынды қанжығасына байлады. ІІ-ші орынды Қызылжардың құлагері Хавдолла Бейісхан алса, ІІІ-ші орынды қыз бен жігіт айтысының жүйрігі Мақсат Ақанов пен Сырдың талантты перзенті Мейірбек Сұлтанхан өзара бөлісті. Ал Жалаңтөс Бағадүр атындағы арнайы жүлдемен белгілі айтыскер ақын Дидар Қами марапатталды.

Кітапхана



АЛМАТЫ НАРАЗЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛДЫ

және Adamgar.ca сайтының редакторы Тимур Нүсімбеков: «Аудитория өте ала-құла еді, - деп еске алды бұл мезетті. - Олар қала маңындағы көп елді мекендер мен орталықтан келген әр алуан типті жұмысшы жастар мен мәдениет өкілдерінен құрылды. Бірақ басым көпшілігі бейбіт шеруді жақтаушы салиқалы адамдар болатын». Иә тап осы сәтте бұл топтағылар арасында қалыптасқан қоғамдық тәртіпті талқандап қирата келіп, елдің шырын бұзуға, жаппай қиратындылар мен тонаушылыққа бас қоюға пейілденіп тұрған ешкім жоқ еді.

Сол топ кешке таман едәуір қомақтыланып алып, осы жерден қаланың орталығына, Республика алаңына қарай ақырын жылжып жүрді. Шеру бейбіт түрде келе жатты, алайда кенет полиция қызметкерлері олардың алдынан шыға келіп, қалың нөпірге қарата шулы дыбысты гранаталар мен көзден жас ағызатын газ қолдана бастағанда, жағдай бірден күрделеніп сала берді. Бұл басы артық қимылға бармай, тәртіпті түрде қозғалған қарақұрым халықтың көңіл күйлерін кілт өзгертіп жіберді, наразылық білдірушілердің көпшілігі сол бойда ашу-ызаға булығып, полицейлерге қарсы өре көтерілді. Сірә, күштік құрылымдардың күткендері де осы болса керек, содан кейін олар қамсыз келе жатқан қалың топтың

қарасы көп негізгі топ қаланың шетінен Төле би көшесінің бойымен жүріп өтті. Олар «Сайран» көлі тұсына келгенде, биліктің «Нұр Отан» партиясының сол маңда орналасқан облыстық филиалы ғимаратының терезелерін ұрғылап шағып тастады. Түске қарай шаһар көшелерінің кенересіне жиналып қалған мыңдаған адам Республика алаңына қарай шұбырды. Алғашқы топтар онда сағат 14:00 шамасында жетті. Бұл кезде мұндағы бронетранспортерлер кетіп қалған екен, ал күштік құрылым сарбаздары өте аз еді. Осыны пайдаланған демонстранттар Алматы қаласы әкімшілігі ғимаратына батыл басып кірді. Әлеуметтік желіде наразылық білдірушілердің әкімдік үйінің баспалдақтарымен көтеріліп, оның ішінде ерсілі-қарсылы жүріп жүрген сәттері түсірілген видеолар мен кадрлар тарады. Тағы бір жерлерде шерушілердің арнайы техникаларды алып қойып жатқандары да көрініс берді. Кенет сол жақтан атылған мылтық дауыстары да естілді. «Шабуылдаушылардың қысымынан ығысқан полицейлер біріндеп оқиға орнынан қаша бастады, шерушілер олардың қолға түскендерін ұрып соғып жатыр», - деп жазды «Интерфакс» осы мезет.

Қызынып алған топ мүшелері бұдан кейін жақын жерде тұрған бұрынғы Президент резиденциясына шұғыл аттанды. Осыдан кейін Kazakhtan protests

хатында наразылықты «арандатушылар мен экстремистердің әрекеті» деп бағалап, «мұның артында ішкі және сыртқы жаулар тұр» деп мәлімдеді. Бұдан өрі тәртіп сақшыларының күш салуымен жағдайды тұрақтандыру, қауіпсіздікті сақтау шаралары жүріп жатқанын баяндады. «Қаладағы жағдай бақылауға алынды. Арандатушылар мен экстремистер ұсталуда. Бүлікшілер анықталып жатыр» деді әкім өз сөзінде. Бірақ ол «экстремист», «арандатушы» ретінде кімдерді тұспалдап отырғанын ашып айтады. Біз осы күндерде барлық облыстар мен ірі қалалардағы әкімдердің шерушілер алдына шығып, олармен диалог жүргізіп, мәмілеге келуге талпыныс жасағандарын байқап отырдық. Тіпті осы топтағы жалғыз әйел адам - Қызылорда облысының әкімі Гүлшара Әбдіхалықованың өзінің өбден ашынып алған қауымның ортасына жасқанбай барып, ортақ тіл табысудың амалын жасағанына куә болдық. Мұндай батыл байлама тек Сағынтаев ғана бара алмады. Бәлкім, мұның да әсері бар шығар, ол 31 қаңтарда әкімдердің арасынан бірінші болып отставкаға жіберілді.

Сол күні сағат 16:09-да Алматы халықаралық әуежайы желілік полиция басқармасының бастығы Талғат Тәліпов өз басшылығынан қорғанысқа көшу туралы бұйрық алған. Оған сонымен бірге

Мұрат Бәктіярұлы

ҚАҢТАР ҚАҚТЫҒЫСЫ

II-тарау

ОҚИҒА ОРТАСЫНДА

Алматы 2022 жылдың алғашқы күндерінде-ақ наразылық қозғалысының орталығына айналып кетті. Қаңтар қырғынының ең басты оқиғалары Алатау бөктеріндегі осы абаттың аясында өтті. Жаңаөзеннен сөре тартқан шерулердің шерлі дүрбелеңге толы дүмпүі оңтүстік мегаполиске екі күннің ішінде жетті.

Шаһар қарсылық қозғалысына қатысқандар мен қақтығыс күндерінің келтірілген шығындар мен көтерілген қылмыстық істерінің саны жағынан да еліміздің өзге өңірлерінен оқ бойы алда тұрды. Бас прокурор Берік Асылловтың 2023 жылғы 5 қаңтардағы мәліметі бойынша, қанды Қаңтар күндері бүкіл елде қазаға ұшыраған 238 адамның 151-інің ғұмыры осы қалада үзілген. Олардың басым бөлігі Президент резиденциясына жасалған шабуыл барысында опат болған. Осыған қарап-ақ оңтүстік мегаполистің тіршілігінде бұл оқиғалардың қаншалықты зор орын алатынын байқар едік. Ал оққа ұшқан боздақтар саны жағынан бұдан кейінгі орындар Қызылорда (26), Шымкент (20), Тараз (17) және Талдықорған (13) дуандарының үлестеріне тиеді.

Deutsche WelLe басылымының жазуынша, құқыққорғау органдарының қызметкерлері қысқаша сөз қайтырсы барысында тілшіге «деструктивті элементтерге» қарсы тұру туралы бұйрықтың болмағанын айтқан. Осының өзі олардың бейбіт шерулер соңы бүліншілікке апарып соқтыратынын күні бұрын біліп отырғанын айғақтайды. Бұл қозғалыс сол сепелті де Маңғыстаудың шегінен асып, басқа аймақтарға, соның ішінде Алматыға жеткенде, көп ұзамай бірден жаппай тәртіпсіздікке көше бастаған. Бұған бір жағы алдын ала алған тапсырмалары бойынша жұмыс істеген күштік құрылымдардың сарбаздары да біршама түртік болған. Мұның үстіне бұл жақта жанжалға от берушілердің үлесі айтарлықтай көп болғаны да аңдалады. Сондықтан бастамашыл топтар қаланың әр қиырынан бой көтеріп, қарсылық қозғалысына қатысушылардың сұлбасын сәт сайын арттыра түскен.

Осылардың бәрінің жолын кесуге ниет еткен полиция 4 қаңтар, сейсенбі күні таңертең «Астана» алаңы мен оған апаратын жолдарды жауып тастады. Түс өлетінде тіркелмеген Қазақстан Демократиялық партиясының жетекшісі Жанболат Мамай бастаған бірнеше жүз адам «Almaty Arena» спорткешенінің маңында митинг өткізді. Алайда полицейлер жедел жетіп келіп, жиынға жылған жастарды асқан қатыгездікпен ұрып-соғып, ұстай бастайды. Сөйтсе де мұнда қарай ағылған адамдар тасқыны толастамайды. Құлық қорғаушылар сүйрепел алып кеткендер орындарын жаңадан қосылған лек тез толтырып тұрады. Ал кешкі сағат 22.00-ден кейін осы қуатты толқын көше бойына шығып кетіп, жол қозғалысын бөгеді, маршруттар желісіндегі автобустарды тоқтатып, полициямен қақтығысқа барады. Бұдан соң кем дегенде бірнеше жүз адамнан тұратын топ қала орталығына қарай бағыт түзейді, олар осы аралықтағы 13 шақырымдай жерді жаяу жүріп өтеді.

Сондай толысқан топтардың бірін «Qyap Qazagstan!» саяси реформа қозғалысының белсенділері аренаға алып шықты. Олар сағат 20.00 шамасында Тұңғыш Президент саябағының жанында бас құралысты. Оларға жастардың бір дүркін көші қосылып, көп ұзамай бәрі бірге Мұстафин көшесінің бойымен шеруді бастады. Кейін тағы бірнеше жүз адамды қамтыған негізгі топ Абай даңғылымен өрлесе, одан бөлінген келесі көш Төле би даңғылының табанына түсіп дала орталығына қарай шұбыра қозғалды. Олар арасында бір кез «Алға, Қазақстан!», «Шал, кет!» деп айғайлап, ұрандатып ұзап бара жатты. Бірақ тым көп ұзамай, «Мега» сауда орталығының аумағында жеті қаруы сақдай сай күштік құрылым сарбаздары олардың алдын кес-кестеді. Содан соң мұнда да бетпе-бет келген екі тараптың арасында тез арада қақтығыс тұтанып кетті. Тәртіп сақшылары шерушілерге қарсы дыбыс шығаратын жарқылды гранатты пайдаланды.

Сейсенбі күнінің кешінде Алматының сырт жағына тағы бір қарақұрым қауым жиналып қалды. Журналист, публицист, тәуелсіз арт-куратор

ортасына атой сала ұмтылды. Осыған қарап-ақ тәртіп сақшыларына шерушілерді арандату үшін әлдеқандай бір әулекі әрекеттер жасау жөнінде алдын ала арнайы тапсырма берілгенін аңғаруға болатын еді. Көпденеңінен туып кеткен қақтығыс содан соң біртіндеп кең қарқын алып, екі жақтың да бір-біріне берілмеген қалпында түні бойы жалғасты.

Қаңтардың 4-і күні кешке бір топ ереуілші «Алатау» кинотеатрының жанындағы алаңқайға жиналды. Түнге таман бұлардың сапын жүздеген адам толтырды. Олар содан кейін қатар жатқан көшелер бойларын емін-еркін жайлап, Республика алаңына қарай шеру созды. Ал бұл кезде мұнда бірнеше мың адам шоғыр құрып қалған еді. Біраздан соң полиция халыққа қарсы граната мен көзден жас ағызатын газды боратты, соныра алаңның аумағы мен жапсарлас көшелерде шерушілер мен полиция арасында қақтығыстар орын алды, мұның ақыры бірнеше полиция көлігінің өртеніп кетуіне алып барды. Тәртіп сақшыларының қысымымен шерушілер сосын алаңнан шығып кетті, бірақ мұндай текетірестер мен жаға ұстасулар қаланың әр бөлігінде үзік-үзік жалғасын тауып жатты.

Ішкі істер министрлігіндегілер шерушілердің осы тұста полицейлерге қарсы тас, таяқ, газ баллондары, «Молоток коктейлі» деп аталатын жанғыш бөтелкелерді жиі қарсы қойып жатқандарын хабарлады. Мұндай шайқастар шығғасы Қазақстан ішкі істер органдарының 95 қызметкері зардап шегуіне, сондай-ақ 37 қызметтік көлікке зақым келуіне апарып соқтырды. Текетірестер барысында сондай-ақ 200-ге жуық адам ұсталды. Бейбіт шерулерге қатысқан «Ақ жол» партиясының жақтастары деструктивті әрекеттерді шерушілермен байланысы жоқ топтардың жасағанын атап өтті. Олардың пікірінше, бұлар түрмеден арнайы босатылған тұтқындар болуы мүмкін еді, себебі, олардың әрекеттері бейбіт шерудің беделін түсіруге арналғаны анық байқалып тұрған.

Түнге қарай Алматыда наразылық білдірушілердің бір бөлігі полиция көліктеріне от қоюмен шұғылданып жүрді. Түнде қалаға әскери техниканың кіргізілгені туралы хабарлар шыға бастады. Сол уақытта бүкіл елде мобилдi интернет желіден ажыратылып, кейбір қалаларда телефон байланысы үзілді, сондай-ақ кем дегенде сегіз телеарна эфирден жоғалып кетті. Алайда сондай қатқыл шараларға қарамастан жағдай сағат сайын қауырт өзгеріп, бірте-бірте нашарлай түсті. Көзкөргендердің айтуларына, осы тұстан бастап орталық алаңға қолдарына пышақ, таяқ, дөңбек, аңшы мылтығы сияқты суық қарулар ұстап шыққандар көптеп келе бастаған.

Ахуалдың осылай барған сайын ушығып, сағат сайын күрделеніп бара жатқанына байланысты Президент Қасым-Жомарт Тоқаев түн ішінде Алматы қаласы мен Маңғыстау облыстарында «төтенше жағдай» режимін жариялады. Шара қаңтардың 5-інен 19-на дейін созылатын болып белгіленді. Мемлекет басшысы төтенше жағдай енгізілгеннен кейін екі аймақтағы тәртіптің оңала бастайтынына сенім білдірді.

Қаңтардың 5-і, сәрсенбі күні таңертеңнен қалада қоғамдық көліктер мен таксилер өз жұмыстарын тоқтатып, көптеген іргелі дүкендер мен дәмханалар жабылып қалды. Республика алаңы өскерлер мен бронды транспортерлердің екі қатар шеп құрып тастаған қоршауына алынды. Ал шаһардың әр мүйісінде шерушілер мен күштік құрылымдар арасында қақтығыстар болып жатты. Сол топаланды бүлікшілер әскери жүк көліктерін басып алып, жолдардың сорабын жапты. Қарсылық қозғалысына қосылушылар қатары бұдан әрі көбейе берді, сосын олар қайтадан қаланың әр жерінен орталыққа қарай шеру бастап кетті. Ең

telegram арнасы өртеніп жатқан әкімдік офисінің суреттерін жариялады. Олар үлкен ғимараттың орталық бөлігін өрт шалғанын, ереуілшілердің Президент резиденциясы аумағына басып кіруге әрекет етіп жатқанын байқатар еді. Ал «Власть» таблоидының жазуынша, «Кешеннің айналасы түтінге көмілген, сол жақтан әлсін-әлсін гранаталардың жарылыстары мен атылған оқ дауыстары шығып жатыр». Көп ұзамай қала тұрғындары желіге күштік құрылымдар мен шерушілер арасында орын алған қақтығыстың видеосын жариялай бастады. Бірақ кадрлардың тап осы шақта түсірілгенін ешкім айғақтап берген жоқ. Ал кешке таман Республика алаңындағы екі телекомпания кешені мен қала прокуратурасының ғимараты от құшағында қалды. Сол шамада шерушілер арасында кенет қару ұстаған адамдар пайда бола кетті. Олар бірден алаңды атыс аймағына айналдырып жіберді. Осы тұста алаң атырабында алғашқы жараланған жандар мен өлгендердің мәйіттері кезікті.

«Біз терроризм немесе вандализм актілерін жасай қойған жоқпыз, - деді осы орайда Қонай Әбиев есімді белсенді Би-би-си агенттігінің тілшісіне сол күндері. - Біз тек өз муң-зарымызды айту үшін қала мәрінің алдымызға келуін ғана талап еттік. Қарсылық акциясын да барынша бейбіт түрде өткіздік. Бірақ сол сәтте әлдеқайдан бір әлекедей жаланған жас жігіттер келіп қосылды да, өзгеше ұрандатып, қала әкімшілігінің ғимаратын басып алуға жұртты бастап алып кетті. Біз оларды да, оларға ерген басқа топ мүшелерін де тоқтата алмадық. Олар бізді тыңдай қоятындай халде емес еді. Сол бойда бойларын бұзақылықтың қаны билеген тобыр жолай кезіккен көліктерді тегіс қиратып, әкімдік үйінің сыртқы терезелерін сындырып, ішке кіруге өршелене ұмтылды».

Иә, оқиға осылайша аяқ астынан өзгеріп, өте жылдам қарқынмен теріс бағытқа қарай дамып ала жөнелген. Содан кейін алаңда атыс басталады, шулы гранаталардың дауыстары шығып жатады. Топырлаған жосықсыз тобыр көп ұзамай әкімдік ғимаратының ішіне кіріп, оның бір шетіне от қойды. Шабуыл жасағандардың қатарында полиция формаларын киіп алған содырлар да жүрді. Олар бұл кімдерді соның алдында тәртіп сақшыларынан тартып алған сияқты. Енді тағы біреулері бастарына күштік құрылымдардың дулығаларын киіп, қолдарына қалқандарын ұстап алыпты. Ал шеруші Қонай Әбдиев осы сәтте наразылық қозғалысына қатысушылардың барлығы жүздерін жасырмай ашық жүрсе, мыналардың бәрі беттеріне перде киіп алғандарын айтты. «Мен тіпті оларға тіктеп қарауға қорықтым, себебі, ерекше ашынып алған бұлардың менің өзімді сол бойда ұрып тастаулары мүмкін еді», - деді ол. Демек, бұлар шерушілер арасына арнайы жіберілген арандатушы жансыздар болулары да өбден мүмкін. Тіпті күштік құрылымдардың өз сарбаздары болып шығулары да ғажап емес.

Куәлардың айтуларына, сол кездерде қалалық әкімдік ғимаратының ішін қорғауға кенігі полиция қызметкерлері емес, түрлеріне қарағанда, жас курсанттар қалдырылып кеткен сияқты. Өбден қандары қызып, көздері қатты қанталап кеткен жабайы топ мүшелері кірген бойда оларды да соққыға жығып тастауға кірісіпті. Бірақ сол кезде белсенділер тобы араға түсіп, оларға аса бір залал келтіртпей, ғимараттан шығарып жіберуге әрекет жасапты.

Алайда сол күндері шерушілер өз алдарына келуді қайта-қайта қиылып шақырған Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев бұған құлақ аспаған күйі қарасын көрсетпей кетті. Қала аумағында жаппай тәртіпсіздік басталған сәттен қайда жүргені жұмбақ болған дуанбасы тек 5 қаңтар күні ғана өзінің бар екенін білдіріп, жамағатына үндеу арнады. Ол өзінің бұл ұшбу

арнайы жоспар жіберілген. Сосын тәртіпсіздік тәуекелшілерінің осында қарай ағылып бара жатқаны ауызша бір ескертіліп, нысанды қорғау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің нақты шаралары тапсырылады. Бірақ шенді шенеунік бұйрықты бұлжытпай орындаудың орнына, сол бойда өзінің қызметтік формасын азаматтық киімге ауыстырып киіп кабинетінен шығып, қызметтік көлігін ғимараттың жанына қойып, белгісіз бір жаққа кетіп қалған. Осы аралықта телефоны да байланыс желісінен ажырап тұрған. Мұның артында қалған полицейлер қызмет орындарынан кетіп, жым-жылас жоқ болған. Соның салдарынан желілік полиция басқармасы мүлде қорғаусыз қалдырылған. Бұл жерден ең ақыры күзетші кеткені, арада 40 минут өткеннен кейін келген бүлікшілер ғимаратты еш кедергісіз басып алып, жолаушыларға айтарлықтай қатер төндірген. Бұдан бөлек, әуежай көліктеріне мініп алып, ұшақтардың келуі мен кетуіне жол бермеу үшін ұшу-қону жолағын өз қолдарына алған, электр жарығын беруді тоқтатқан. Осы арқылы сол кездері қонуға беттел келе жатқан және қону алаңынан ұшып шықпақшы болған әуе кемелеріне көп кедергі келтірген. Сол кезде аэропорт ғимаратында жүрген 40-қа жуық бұзақы жеке кісілерді ұрып-соғып, мұндағы шағын және орта бизнес нысандарын тонаған, біразын талқандаған, кейбірін өртеп жіберген.

Сол күні-ақ мұндағы жағдайға қанық болып отырған Беларусьтің «Белавиа» әуе компаниясы мен Әзербайжан әуе жолдары Минск мен Бакуден Алматыға келетін кешкі рейстерді алып тастағандарын жеткізді. Ал Кувейттің Jazeera Airways әуе компаниясы бұлай қарай ұшатын рейстерге тыйым салды. Мұның алдында Ресейдің «Аэрофлоты» оңтүстік мегаполиске келетін кешкі рейсін кідірткен болатын. Осы тұста «Интерфакс» Қазақстанның «Эйр Астана» ұлттық әуе компаниясының Мәскеу уақытымен сағат 22:15-те Домодедово аэропортынан ұшып шығатын тағы бір рейсі әлі ұшу кестесінде тұрғанын жазды.

Алайда Алматы әуежайына келіп қонған лайнерлерді енді кімдердің қабылдайтыны түсініксіз-тін. Себебі, Orda.kz ресурсы атап өткендей, бұл сәтте мұндағы полицейлерден бөлек, аэропорт қызметкерлерінің бәрі қызмет орындарын тастап, түгел кетіп қалған болатын. Оқиға орнына ат ізін салған ресейлік бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілері бұған дейін «бірнеше ондаған» демонстранттың әуежайға қарай беттел келе жатқандарын жазған еді. Сондықтан аэропорт ғимаратынан жолаушылар шұғыл эвакуацияланған екен.

Осындай шапқыншылық салдарынан Алматы әуе гаваны 5 қаңтардан 12 қаңтарға дейінгі аралықта жұмыс істей алған жоқ. Бүліншіліктер мұндағы «Желілік полиция бөлімшесін - 2 168 726 теңге, «Алматы халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамын - 313 850 654 теңге, «AirAstana» акционерлік қоғамын -5617251 теңге, ал шағын және орта бизнесті жалпы сомасы 414 113 533 теңге шығынға батырды. «Алматы халықаралық әуежайы» АҚ президенті Алп Эр Тунга Ерсой стратегиялық нысансын осы күндері 6,5 млн. долларлық болжамды табыстан қағылғанын атап өтті. Алдын ала айта кетейік, ахуалдың осындай деңгейге жетуіне бірден-бір кінәлі желілік полиция бөлімшесінің бастығы бір жылдан кейін, 2023 жылдың наурыз айының соңында 6 жылға сотталды. Бұған қоса әуежайға шабуыл жасады деген ұйғарыммен тағы бес адам сот жүзінде жазаға тартылды.

Сол күні қала коменданты деген жаңа лауазымды қоса алған қалалық полиция департаментінің бастығы Қанат Таймерденов өткен тәулік ішіндегі текетірестердің тепкінінде 500-ден астам адамның зардап шеккенін жеткізді. Айтуынша, оңтүстік мегаполисте бір түнде 120 көлік, оның ішінде полиция мен «жедел жәрдем» көліктері де бар, отқа оранып, 120 дүкен мен дүңгіршек, 180 ресторан мен дәмхана алуан түрлі кесірде талқандалған. Бас прокуратураның мәліметінше, бұл күні Республика алаңына 20 мыңға жуық адам жиналған. (Жалғасы бар)

Қызылорда – ортақ үйіміз

Қызылорда қаласының әкімі Н.АХАТОВ:

“БАСЫМЫЗДЫ ИЕМІЗ”

Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов, қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев және қалалық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Серік Жүсіп Ұлы Отан соғысы жылдары тылда еңбек еткен ардақты ардагерлер Ақпанай Пірназаров пен Шырынкүл Баймаханованың шаңырағында болып, Жеңіс мерекесімен құттықтады.



Биыл қос ардагер де 90 жасқа толып отыр. Олар сұрапыл соғыс жылдары тылда қызмет етіп, жеңісті жақындатуға зор үлес қосқан.

Шаһар басшысы көпті көрген көнекөздердің өнегелі жолы жастарға үлгі екенін атап өтіп, елдің бірлігі мен ынтымағының сақталуына мұрындық болған мерейлеріне ризашылығын білдірді.

– Өздеріңіздей қазыналы қарттарымыздың ерен еңбегі ел жадында, тарихта таңбаланған. Бүгінгі жарқын жетістіктеріміз Сіздердің сұрапыл соғыс жылдарында бел жазбай еңбек етіп, қиямет-қайым қиындықтарды жеңе білген жұмыстарыңыздың жемісі. Ел болашағы үшін еңбектен ерлік жасаған ерекше істеріңізге алғыс айтып, басымызды иеміз» - деп қала әкімі Нұржан Сәбитұлы қариялардың дендеріне саулық, әулеттеріне амандық тіледі. Сондай-ақ, сый табыстап, құрмет көрсетті.

Өз кезегінде қазыналы қарияларымыз ел-жұрттың амандығын тілеп, ақ баталарын берді.

АТАДАН ҚАЛҒАН ТАЛ...

Қызылорда жоғары медициналық колледжі ғимаратының маңдай алдында жасыл желекке оранған аллея бар. Тенге қуат, жанға шуақ сыйлаған осы саялы ағаштарға мән беріп қарасаңыз, көп жайды аңғарасыз. Біріншіден, «атадан мал

дана дәрігердің жолын жалғаушы ұрпақ сол ағашқа қарап бой түзейді. Олар ардақты атасындай абыройлы болғысы келеді.

1941 жылы соғысқа аттанып, оқ пен оттың ортасында кеңес жауынгерлерінің аман қалуына



қалғанша, тал қалсын» деген нақылды тірілте түседі. Екіншіден, өзі өмірден өтсе де көзі боп қалған ағаштар жайқалып тұр. Ағаштың жанында оны еккен кісінің есімі жазылған тақтайша орнатылған. Солардың ішінде Ұлы Отан соғысының ардагері, Қызылорда облысының Құрметті Азаматы Кеңесбай Қалиев деп жазылған тақтайша бар.

Тоқсан жастан асып, жүзге жақындаған соғыс ардагері қайта тіріліп келгендей... Көз алдымызға кемел кісінің келбеті келеді. Ағаш екен адам тәңірдің шапағатына бөленеді деген сөз де рас, онан бөлек,

қан кешкен Кеңесбай Смағұлұлы Мәскеуді қорғауға, Кенингсберг қаласын, Белоруссияны, Польшаны босатуға қатысып, Берлинді алуда ерлік көрсеткен жерлесіміз. Отан алдындағы ерлігі үшін 2 мәрте «Қызыл жұлдыз», екінші дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордендерімен, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

1964 жылы әскери қызметтен демалысқа шығып, облыстық денсаулық сақтау саласының өркендеуіне үлесін қосты. Денсаулық сақтау саласының кәсіподағын 20 жыл басқарып, ерен еңбектің үлгісін танытты.

Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов қалада салынып жатқан әлеуметтік нысандардың құрылыс алаңына барды.

Бірінші нысан - Президент саябағы аумағында бой көтерген 300 орындық балалар тынығу лагері. Лагерь жеткіншектердің салауатты орта қалыптастыруына бағытталған спорт кешенінен, балалар мен тәрбиешілерге арналған тұрғын блоктардан, мәдени-көпшілік іс-шараларға арналған event-аймақтан, 5 киіз үй, ашық бассейн, ойын алаңдарынан және амфитеатрдан тұрады. Демалушыларға жыл он екі ай қызмет көрсететін лагерь 1 маусым - Балаларды қорғау күніне орай тарту етіледі.

Қала әкімі Президент саябағындағы тағы бір нысан - Ботаникалық білім беру орталығына да барды. Шынымен

ҚАЛАДАҒЫ ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ ҚАЛАЙ?

қапталған, екі қабатты заманауи ғимаратта Оңтүстік Америка, Африка, Қытай, Мексика, Жапония және Мадагаскарда өсетін өсімдіктер бағы орналастырылады. Көпфункционалды нысанда келушілерге табиғат, ғылым мен экологиялық мәдениет үйлесімі көрсетіледі. Облыс орталығындағы құрылысы қарқын алған тағы бір нысан «Қызылорда Арена» көпбейінді



бірінші орынбасары Нұрлыбек Машбекұлының бастамасымен қолға алынған маңызды медициналық нысандар құрылысын қаржыландыру мәселесі толық шешімін тапқан. Бұл өңір тұрғындарының сапалы өрі заманауи медициналық қызметке қолжетімділігін арттырады.

Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов медициналық нысандар-

лық қалдықтарды сақтау аймағы, оқу кабинеттері, 50 орындық аудитория, 200 орындық конференц-зал және инженерлік-техникалық инфрақұрылыммен қамтамасыз етіледі.

Бұдан бөлек Қызылордада бір ауысымда 100 келушіге қызмет көрсететін емханасы бар 300 төсектік көпбейінді аурухана құрылысы жүргізілуде. Заманауи талаптарға сай жобаланған бұл нысан диагностикалық, емдеудің озық технологияларын жабдықталып, халықаралық стандарттарға сәйкес медициналық қызмет көрсетуді көздейді. Жобаға «Мелиоратор» серіктестігі жауапты. Құрылысына 36 млрд. 416 млн. теңге қаралған кешен 57 мың шаршы метр аумақта орналасқан, 10 блоктан тұрады. Тарқатып айтсақ, емхана, пансионат, конференц-зал, асхана, физиотерапия, қабилдау, әкімшілік, реанимация, химиотерапия және радиотерапия, операциялық бөлімдер.

Президент саябағы аумағындағы 200 орындық жаңа перинаталдық орталықтың құрылысы да қарқынды жүргізілуде. Оған 48 млрд 500 млн теңге бөлінген. Орталықта ана мен балаға мамандандырылған медициналық көмек көрсетіледі. Қабилдау, стационар, диагностикалық, операциялық, реанимациялық және әкімшілік бөлімдермен қатар, зертхана, ас блогы қарастырылған.

Титов шағын ауданының 40 мыңнан астам тұрғынына қызмет көрсететін №5 қалалық емхана да жаңадан салынууда. Бір ауысымда 400 келушіні қабылдайтын бұл нысанға 9 млрд. 823 млн. теңге қаралған, жалпы аумағы 9 мың шаршы метр. Емхана заманауи медициналық технологиялармен толық жабдықталады.



спорт кешені. Кешенде олимпиадалық бассейн, 2500 орындық спорт залы, сондай-ақ түрлі форумдар мен жиындар өткізуге арналған 300 орындық конференция залы қарастырылған. Нысанды осы жылдың тамыз айында пайдалануға беру жоспарланған.

Қызылорда қаласында денсаулық сақтау жүйесін дамытуға бағытталған ауқымды жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысының қолдауымен, бұрынғы облыс әкімі, Үкімет басшысының

дың да құрылыс барысымен танысты.

Сол жағалаудағы 500 орындық жаңа емхана - көпсалалы мекеме. Амбулаториялық-емханалық, диагностикалық және күндізгі стационарлық қызмет көрсетеді. Мұнда жалпы тәжірибелік және акушерлік-гинекологиялық тіркеу, педиатрия, мамандандырылған және шұғыл медициналық көмек, профилактика және мектеп медицинасы бөлімдері қарастырылған. Сонымен қатар 50 төсектік күндізгі стационар, деріхана, орталық стерилизация бөлімі, кір жуу орны, медицина-

ПАРК АШЫҚ

Биылғы жылдың мамыр айынан бастап жылдағы дәстүр бойынша қалалық мәдени және демалыс паркі жана маусымнан бастады. Қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов шаһар тұрғындары мен қоғамдастығына арналған әсем де жайлы демалыс орнына арнайы барып, қызылордалықтарды жазғы демалыс маусымының басталуымен құттықтады.

«Мемлекет Басшысының бастамасымен жүзеге асып жатқан республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында облыс әкімінің үйлестіруімен шаһарымыздағы парктар, аллеялар, скверлер мен тарихи орындар қайта жаңғыртылып, тұрғындарымызға жайлы орта қалыптастырылуда. Өткен жылы дәл осы мәдени және демалыс паркі заманауи кейіпке еніп, саялы мекенге айналды. Сондай-ақ, «Қорқыт ата» сквері де қайта түлеп, жасыл желекке оранған тынығу орталығы атанды.

Кешегі Наурыз мерекесінде жана үлгіде жаңғырған Президент саябағының салтанатты ашылуы өтті.

Қазір мұнда жанына рахат сыйлайтын, саф ауада серуендейтін барлық мүмкіндіктер қарастырылған.

Алдағы күндері осы аумақта бой көтеріп жатқан балалардың тынығу лагері мен Ботаникалық бақ пайдалануға беріліп, тұрғындарымызға толымды тарту болмақ. Өздеріңізге белгілі, аймақ басшысының қолдауымен қаламызда жарқын жобалар сәтті жүзеге асуда. Халықтың тұрмыс сапасын арттыру мақсатында жанадан әлеуметтік нысандар ел игілігіне берілуде. Денсаулық, мәдениет және спорт салаларын дамыту, халыққа қолжетімділігін арттыру бойынша серпінді құрылыстар қолға алынды», - деді Арнұр Әлібекұлы.

Қалалық мәдени және демалыс паркінде тұрғындардың тыңғылықты тынығуына және жаз маусымында уақытты тиімді өткізуіне барлық жағдай жасалған. Биыл да келушілердің көңілін сергітуге арналған танымдық және тағылымды шаралар ұйымдастырылады. Парк аумағындағы барлық аттракциондар түбегейлі тексерістен өтіп, техникалық қауіпсіздік қатаң сақталған.

ЕҢБЕКТІҢ ЕРЕН ТҰЛҒАСЫНА АРНАЛҒАН АЙТЫС

Ұлы Жеңіс мерекесіне орай Қызылорда қаласына қарасты Ақсуат ауылдық округінің орталық алаңында Сырдария ауданының Құрметті Азаматы, «Еңбек қызыл ту» орденінің иегері Өзбекбай Қалиұлының туғанына 90 жыл толуына арналған «Еңбектің ерен тұлғасы» атты облыстық айтыс өтті.

Тағылымды шараны қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев ашып беріп, ақындарға сәттілік тіледі. Жыр додасына айтыс ақтангері Мұхтар Ниязов бастаған ақындар Нұрмат Мансұр, Нұрахмет Мансұр, Ержеңіс Әбді, Бексұлтан Орынбасар, Ержан Әміров қатысты.

Шарада белгілі жырау Шолпан Бейімбетова, Әділхан Қуаңбаев өнер көрсетті. Барлық айтыскерлер, өнерпаздар қала әкімінің Алғыс хатымен және қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

ЖЫЛДАМ ШАХМАТ ТҮРНИРИ

Тобылбаев Әлім Әсімұлының рухына арналған жылдам шахмат турнирі - зерде мен парасатты ұлықтаған тағылымды шара ретінде Қызылорда төрінде бастау алды.

Турнирдің ашылуына қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов, марқұмның достары, туыстары мен жары қатысып, естеліктерімен бөлісті. Әлім Әсімұлының адамгершілік болмысы мен шахматқа деген ерекше жанашырлығын атап өтіп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Бұл турнир - тек жарыс емес. Бұл - өмірін ұлттың зияткерлік дамуына арнаған азаматқа деген құрмет, кейінгі буынға рухани аманат. Шахмат тақтасындағы әр жүріс - сабыр мен санаға, терең ой мен биік мәдениетке бастар жол.

Осындай игі бастамалар арқылы Әлім Әсімұлының есімі ел жадында сақталып, өнегелі ғұмыры жас ұрпаққа үлгі бола бермек.

6 КӨП ҚАБАТТЫ ҮЙДЕН 240 ПӘТЕР

Кешегі «Отан қорғаушылар күні» қарсаңында қала әкімі Нұржан Ахатовтың қатысуымен сол жағалаудағы 240 пәтерлік 6 көпқабатты тұрғын үй кешені иелеріне табыстау рәсімі өтті. Оған мәслихат депутаттары және зиялы қауым өкілдері, ел ағалары қатысты.

– «Президент өз Жолдауында: «Елімізде бірыңғай тұрғын үй саясатын

әзірлеу қажет. Негізгі қағидат – тұрғындар, әсіресе, әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтар үшін баспананың қолжетімділігін арттыру» деген болатын.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің тұрақты қолдауының арқасында, облыс әкімінің үйлестіруімен бұл бағыттағы жобалар сәтті жүзеге асырылып келеді. Соның нәтижесінде шаһарымызда жыл

басынан бері 655 отбасы қоныс тойын тойлады. Жыл соңына дейін тағы 1 581 пәтер пайдалануға беріледі. Биылдың өзінде бюджеттен тұрғын үй құрылысына 58 млрд. теңгеге салынған бұл кешеннің аумағы 15 600 шаршы метр, құрылысты Сыр өңірінде талай жылдан бері қолтаңбасы қалған мердігер мекемелер салды.

Қоныстарыңыз құтты болсын! Шаңырақтарыңыз жылулық пен мейірімге, балалардың шат күлкісіне толсын. Сіздерге жақсылық, ынтымақ пен бірлік, амандық тілейміз. Елдігіміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!», – деді қала әкімі.

Жиында тұрғын үйді сапалы етіп салған құрылысшылар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев сөз сөйледі.



АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАДЫҚ...

СЫРДАРИЯ ауданындағы «Тағзым» алаңында 9 мамыр - Ұлы Жеңіс күніне арналған «Жеңіс жолы – ұрпаққа аманат» тақырыбында іс-шара өтті.

Салтанатты жиынға аудан әкімі Берік Сәрменбаев қатысып, сырдариялықтарды Жеңіс күнімен құттықтап, отан үшін от кешкен батырлардың ерлігін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Адамзат тарихында теңдессіз ерлік жасаған әкелеріміз бен аналарымыздың қажымас қайсарлығы, ерен еңбегі және көзсіз қаһармандығы халқымыздың жадында мәңгі сақталады» деп атап көрсетті. «Ерді елі үшін, жігітті жұрты үшін мақта» дегендей, біздер Сырдария



топырағынан шыққан Кеңес Одағының Батырлары Нағи Илиясов пен Жаппасбай Нұрсейтов бастаған соғыс ардагерлерінің есімін мақтаншыпен айтып, ерліктеріне бас иеміз. Сырдария ауданынан Ұлы Отан соғысына 3 мыңға жуық азамат аттанып, жартысынан көбі туған жерге оралмады. Олар Отан үшін ерлік жасап, бізге бейбіт өмірді сыйлады. Бүгінде қан майданның куәгері, 104 жастағы Ұлы Отан соғысының ардагері, Қызылорда облысының Құрметті ардагері, Сырдария ауданының Құрметті азаматы Ахия Тасыров атамыз ортамызда отыр. Ұлы Отан соғысы ардагеріне әрқашан құрметіміз мол. Біз бұл күні Ұлы Отан соғысы ардагерлері, ерлік пен батылдықтың үлгісін көрсеткен барлық қазақстандықтар, Ауғанстанның, Карабахтың отты жолдарымен өткен, Чернобыль, Семей зардаптарын жоюға қатысқан ержүрек жауынгерлер алдында тағзым етеміз. Тек қан майданда ғана емес, тылда жұмыс істеп, ашаршылықты, ауыртпалықты бастан кешіп, таңның атысынан күннің батысына дейін жұмыс істеген қайратты да қайсар жандарға бүгінгі ұрпақтың алғысы шексіз, – деді Берік Әбдіғалпаұлы.

Іс-шара барысында жиналған жұртшылық соғыста қаза тапқан батыр жауынгерлердің ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, бір минут үнсіздікпен еске алды. Сондай-ақ, бейбіт өмірді сыйлаған бозақтардың рухына Құран бағышталды.

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай **ЖАЛАҒАШ** ауданы әкімі Ардақ Ибраимов тыл ардагерлерінің шаңырағына арнайы барып, мерекемен құттықтады.

Кездесуде аудан әкімі ел үшін еңбек майданында аянбай тер төккен ардагерлердің қажырлы еңбегі мен өнегелі ғұмыры кейінгі ұрпаққа әрдайым үлгі екенін атап өтті.

Мерекелік құттықтауға аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов пен құқық қорғау органдарының басшылары да қатысып, ізгі тілектерін жеткізді.

Сондай-ақ 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай аудандағы «Ер есімі – ел есінде» монументіне гүл шоғын қою рәсімі өтті.



Тағзым шарасына аудан әкімі Ардақ Ибраимов, тыл және еңбек ардагерлері, аудандық мәслихат төрағасы мен депутаттары, құқық қорғау органдарының басшылары, Ауған соғысының ардагерлері, «Невада-Семей» антиядролық қозғалысына қатысушылар, жастар және аудан тұрғындары қатысты. Жиналған қауым сұрапыл соғыста ерлікпен қаза тапқан боздақтардың рухына тағзым етіп, ескерткішке гүл шоқтарын қойды. Шара барысында Ұлы Жеңіс жолында құрбан болған батырларды бір минут үнсіздікпен еске алып, Құран бағышталды. Ресми мәліметке сәйкес, ауданнан Ұлы Отан соғысына 2316 азамат аттанған. Олардың 695-і елге аман оралса, 1621 жауынгер майдан даласында қаза тапқан. Ерлердің есімі ел жадында мәңгі сақталады.

ЖАНАҚОРҒАН ауданы әкімінің орынбасары Нариман Үсенұлы, Жанақорған кентінің әкімі Жасұлан Бейсенбеков ауданның зиялы қауым өкілдерімен бірге 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні мерекесіне орай ауданымыздағы тыл ардагерлерінің шаңырағына арнайы барып, аудан әкімінің мерекелік құттықтауы мен ізгі тілегін жеткізді.

Ізгі ниетпен ұйымдастырылған кездесуде Жанақорған кентінде тұратын 88 жастағы тыл ардагері Махмұт Жиенбайұлы мен 89 жастағы Тұрлыбек Шаназаровтың үйіне арнайы барып, Ұлы Жеңіс күнімен құттықтап, құрмет көрсетті. Сонымен қатар Қожакент ауылында тұратын тыл ардагері Бибігүл Тоймқызының шаңырағына барып, мерекелік ыстық ықыласын білдірді.

Кездесу барысында соғыс жылдарындағы тыл еңбеккерлерінің жанқиярлық еңбегі мен қайсарлығы Жеңісті жақындатуда ерекше рөл атқарғанын атап өтіп, олардың бейбіт күндегі өнегелі өмір жолы мен ел дамуына қосқан сүбелі үлесі әрдайым құрметке лайық екенін айтылып, аудан әкімінің атынан алғыс білдірілді.

Өз кезегінде ардагерлер көрсетілген құрметке ризашылықтарын білдіріп, ақ баталарын беріп, ел амандығы мен жұрт тыныштығын тіледі.

Жанақорған жерінен 5 мыңға жуық азамат майданға аттанып, олардың жартысына жуығы ерлікпен қаза тапты. Окінішке қарай бүгінде ауданда бірде-бір соғыс ардагері жоқ. Қазіргі таңда 119 тыл еңбеккері ғана Жеңіс мерекесін қарсы алуға. Аудан мақтаншына айналған ер жүрек батырлар – Әнуар Әбүтәліпов пен Александр Романов Кеңес Одағының

Батыры атанды. 46 майдангер офицерлік шенмен елге оралып, соғыстан кейінгі елді қалпына келтіру мен бейбіт өмірдің берік іргесін қалауға елеулі үлес қосты.

Олардың жанқияр ерлігі мен адал еңбегі кейінгі ұрпаққа мәңгілік үлгі болып қала береді.

Сондай-ақ аудан әкімінің орынбасары Нариман Үсенұлы Жакудаевтың қатысуымен 9 Мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай «Батырлар – Сізге мың алғыс» атты тағзым ету шарасы өтті.

Жеңіс саябағында өткен тағзымды іс-шараға аудан прокуроры Бахытхан Төлегенұлы Бөлеулиев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірсерік Тақырбасов, ауданның зиялы қауым өкілдері, тыл ардагерлері, әскери қызметкерлер, жастар және аудан тұрғындары қатысты.

Алдымен қатысушылар сұрапыл соғыс жылдарында Отан үшін от кешкен майдангерлердің рухына бір минут үнсіздікпен тағзым етіп, Жеңіс саябағындағы ескерткіштерге гүл шоқтарын қойды.

Мерекелік шара барысында аудан әкімінің орынбасары Нариман Жакудаев сөз сөйлеп, Ұлы Жеңістің тарихи маңызына тоқталды. Майдан даласында көрсетілген ерлік пен тылдағы табанды еңбек – кейінгі ұрпаққа мәңгі үлгі екенін атап өтті.

Сонымен қатар соғыс жылдарында қаза тапқан батыр бабаларымыз бен бейбіт өмірде дүниеден өткен ардагерлердің рухына құран бағышталды.

Іс-шара барысында тақырыптық қойылымдар орындалып, патриоттық әндер шырқалып, көрермендерге ерекше әсер қалдырды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЖЕҢІСКЕ ЖЕТКЕН АҒА БУЫНҒА АЙРЫҚША ҚҰРМЕТ КӨРСЕТЕМІЗ

Біз майдан даласында Отан үшін от кешіп, ерлік жасаған жауынгерлерге және тылда табанды еңбек еткен ардагерлерге шынайы ризашылық сезіммен тағзым етеміз. Қасиетті жылдардың барлық ауыртпалығын қайыспай көтеріп, Жеңіске жеткен аға буынға айрықша құрмет көрсетеміз.

Еліміз ортақ Жеңіске өлшеусіз үлес қосты. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде миллиондаған отандасымыз жанқиярлықпен шайқасты, аянбай жұмыс істеп, әскерді керек-жарақпен қамтамасыз етті. Жүзден астам жерлесіміз «Даңқ» орденінің толық кавалері атанды, бес жүз адам Батыр атағын алды, ондаған мың азамат жауынгерлік ерлігі мен жөз қажырлы еңбегі үшін марапатталды.

Қаһарман ардагерлеріміздің ерен ерлігінің мән-мағынасын өскелең ұрпақтың санасына сіңіру – бүгінгі буынның қасиетті парызы. Біз ержүрек майдангерлердің қайтпас қайсарлығы мен асқақ рухының арқасында дербес әрі бейбіт елде өмір сүріп келеміз, сондай-ақ, төл мәдениетімізді дамытып, қазіргі заманның игілігін сезініп отырмыз.

Ұлы Жеңіс күні – ең алдымен, жауынгерлік ерлігі мен жігерлі еңбегінің арқасында мамыражай заманға жеткізген батырларымыздың есімін ел жадында жаңғырту күні. Бұл – ұлан-асыр тойға емес, мәнді әрі мағыналы ойға шақыратын мереке.

(Мемлекет басшысының мерекеге орай құттықтауынан)

9 мамыр – Ұлы Жеңіс мерекесі күні **АРАЛ** ауданы әкімінің орынбасары Еркін Өбішев пен Нұрмұхамед Бохаев Арал қаласындағы бірнеше тыл ардагерлерінің шаңырағында болып, Жеңістің 81 жылдығымен құттықтады.

Аудан әкімінің орынбасары Еркін Жұмаханұлы алдымен Ермекбай Досмабетовтың отбасында болып тылда аянбай тер төккен ақсақалға құрмет көрсетті. Онан соң жастығын еңбекпен өткерген Кулжан Сержанова мен Канжан Елеусізваларды Жеңіс күнімен құттықтап, ілтипат көрсетті.

Тыл майдангерлеріне көрсетілген құрмет мұнымен шектелген жоқ. Аудан әкімінің орынбасары Нұрмұхамед Омарұлы аудандағы абыз кеуде, қазыналы қария, тыл ардагері, Арал ауданының құрметті азаматы Шәкірат Дәрмағамбетовтың шаңырағында болып, қазына кеуде, шежіре сандық қарияны 9 мамыр Жеңіс күнімен құттықтады.

Мұнан соң тыл ардагерлері Бибосын Тайлақбаев пен Ұртай Мархабаевалардың шаңырағына барып, арнайы құрмет көрсетті.

Мереке қарсаңында ардагерлер өздеріне көрсетілген құрметке ризашылықтарын білдіріп, ел-жұрттың амандығын тілеп, ақ баталарын берді.

Ұлы Жеңіс күні мерекесіне орай **ҚАЗАЛЫ** ауданы әкімі Алмасбек Есмаханов аудандық мәслихат төрағасы Ғазиз Әліш және құқық қорғау органдарының басшыларымен бірге аудандағы тыл ардагерлерінің шаңырағына арнайы барып, мерекемен құттықтады.

Сұрапыл соғыс жылдарында тылда тынымсыз еңбек етіп, Жеңісті жақындатуға өлшеусіз үлес қосқан ардагерлерге құрмет көрсетіліп, сый-сияпат табысталды. Ел басына күн туған қиын кезеңде бәлі бекіп, буыны қатпай жатып еңбек майданына араласқан аға буынның ерлігі мен тәзімі – бүгінгі ұрпақ үшін үлкен өнеге.

Аудан басшысы алдымен Әйтеке би кентінде тұратын 90 жастағы тыл ардагері Қаным Құрманбаева мен Ұлы Отан соғысының ардагері Шамша Бисембаевтың жары, тыл ардагері Қанымкүл Оспанованың шаңырағына барып, мерекелік лебізін жеткізді. Сондай-ақ Жалаңас батыр ауылындағы тыл және еңбек ардагері Дәуіт Сайын ақсақал мен Қазалы қаласында тұратын ардагер Мәлік ақсақалға да арнайы сәлем беріп, құрмет көрсетті.

Кездесу барысында аудан әкімі тыл еңбеккерлерінің Ұлы Жеңіс жолындағы ерен еңбегі ешқашан ұмытылмайтынын атап өтті. Майдан даласында жаумен арпалысқан жауынгерлерге азық-түлік, киім-кешек дайындап, күн-түн демей еңбек еткен тыл ардагерлерінің қажырлы еңбегі – бейбіт өмірдің берік негізі екенін атап өтті.

Ел ағаларының өнегелі ғұмыры, ұрпақ тәрбиесіне қосқан

9 мамыр – Жеңіс күніне орай **ШИЕЛІ** ауданындағы «Тағзым» алаңында салтанатты шара өтті. Тағзымды жиынға тыл және еңбек ардагерлері, Ауған соғысының ардагерлері, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының өкілдері, әскери бөлім қызметкерлері, аудан тұрғындары мен қонақтар қатысып, ел мен жер үшін жанын қиған боздақтардың рухына тағзым етті.

Салтанатты шарада Шиелі ауданы әкімі Айтбай Жандарбеков жиналған қауымды Ұлы Жеңістің 81 жылдығымен құттықтап, бейбіт өмір сыйлаған ардагерлерге құрмет білдірді.

— Жеңіс мерекесі – майдан даласында жанын қиған батырларымыздың ерлігіне, тылдағы тынымсыз еңбек иелерінің қажыр-қайратына тағзым ететін қасиетті күн. Батыр бабаларымыздың ерлігі мен елге деген адалдығы – кейінгі ұрпаққа мәңгілік өнеге. Біз олардың алдында әрдайым қарыздармыз, — деді аудан басшысы.

Аудан әкімі өз сөзінде Мемлекет басшысының Жарлығымен Нұрлыбек Машбекулы Нәлібаевтың Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары болып тағайындалуына тоқталып, бұл ел дамуына сүбелі үлес қосқан білікті басшыға берілген жоғары сенім екенін атап өтті.

Сонымен қатар Президент Жарлығымен Мұрат Нәлқожаұлы Ерғешбаевтың Қызылорда облысының әкімі болып тағайындалуы Сыр өңірінің өсіп-өркендеу жолындағы сабақтастық пен сенімнің айқын көрінісі екенін жеткізіп, жаңа басшылықпен бірге аймақтың дамуы жаңа белеске көтерілетініне сенім білдірді.

Живін барысында аудан әкімі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың: «Біз отандастарымыздың қайтпас қайсарлығы мен қажырлы еңбегін ешқашан ұмытпаймыз. Жанқиярлық пен ерліктің озық үлгісін көрсеткен батырларымыздың есімін әрдайым

Ұлы Жеңіс күні – бейбіт өмір мен азат болашақ үшін жан аямай күрескен майдангерлердің ерлігіне тағзым ететін, батыр бабалардың рухын ұлықтайтын мереке. Осыған орай **ҚАРМАҚШЫ** ауданындағы «Тағзым» алаңында 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне арналған «Ұмытылмас ерлік, өшпес даңқ» атты еске алу шарасы өтті. Тағзымы мол шараға аудан әкімі Жандос Еркінбек, ардагерлер, зиялы қауым өкілдері, жастар және аудан тұрғындары қатысты.

Салтанатты жиын Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан боздақтарды еске алудан басталып, «Мәңгілік алау» маңында майдан даласында жанын қиған батырлардың рухына тағзым жасап, гүл шоқтарын қойды. Сондай-ақ майдангерлерді еске алу мақсатында бір минут үнсіздік жарияланып, тұрғындар ерліктерін еске алды.

Шара барысында сөз сөйлеген аудан басшысы Ұлы Жеңістің тарихи маңызына тоқталып:

– Біз Отан үшін от кешкен ерлердің рухына мәңгілік тағзым етіп, олардың алдында бас иеміз. Ұлы дала батырларының қайсар рухын халық болып ұлықтау – перзенттік парызымыз. Бірліктің бұл үлгі күші ұрыс даласында ғана емес, тылдағы қажырлы еңбек те Жеңістің басты негізіне айналды. Әкелеріміз бен аналарымыздың қызметі халқымыздың жадында мәңгі сақталады. Туалық еліміз берік болуы, еліміздің өркендеуі де осынау мерекенің жемісі. Сондықтан әрқашан аспанымыз ашық, еліміз аман болсын! Ұлы Жеңіс күні құтты болсын, – деп атап өтті.

Айта кетсек, Ұлы Отан соғысына елімізден 1 миллионнан астам азамат аттанып, олардың жартысына жуығы майдан даласынан оралмаған. Осы жолда киелі Қармақшы ауданынан 5000-ға жуық батырларымыз сұрапыл соғыста ерлік көрсетіп, жеңіс туын желбіретуге үлестерін қосты.



үлесі мен ел бірлігін сақтаудағы ақыл-парасаты ерекше құрметке лайық екені жеткізді. Ақ жаулықты аналар мен ақсақалдардың ақ батысы мен тілегі – елдің берекесі мен ырысының бастауы екені айтты.

Өз кезегінде ардагерлер көрсетілген құрметке ризашылықтарын білдіріп, ел амандығы мен жұрт тыныштығын тілеп, ақ баталарын берді.

ұлықтаймыз. Ардагерлерімізге қамқорлық жасап, қолдау білдіреміз» деген сөзін атап өтті.

Салтанатты шарада Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтар рухына бір минут үнсіздік жарияланып, Ұлы Отан соғысы құрбандарына арналған ескерткішке гүл шоқтары қойылып, тағзым етілді.

Шара соңында жергілікті өнерпаздар патриоттық әндер орындап, соғыс жылдарындағы тарихи әндерді шырқап, көпшілікке мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары ауданнан 6 мыңнан астам азамат майданға аттанып, олардың 4407-сі туған жерге оралмады. Бүгінде аудан көлемінде 137 майдангердің есімі көшелерге беріліп, ерлік рухы ел жадында мәңгілікке сақталуда. Бұл - батыр бабаларымызға көрсетілген құрмет пен кейінгі ұрпақтың тағзымының айқын көрінісі.

